



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӘСКЕРИ МОБИЛИЗАЦИЯ: ЕРЕУІЛ мен ЕЛДЕН БЕЗУ



Ресейдегі жағдай күн өткен сайын күрделене түсуде. Кремльдің Украинаға бағыттаған үш күндік операциясы жеті айға созылып, өнді онда «ішінара» жұмылдыру туралы мәлімдеме жасалды. Бұл шешімді ел Президенті Владимир Путин «Отанымыздың қауіпсіздігі мен тұтастығын қорғау үшін» деп түсіндірді.

(Соңы 3-бетте)



ҮНДЕУ

Қазақстан Республикасы
Бас прокурорының
орынбасары Ж. Өмірәлиевтің
«Прокуратура туралы»
заңның 31-бабы тәртібінде
ҮНДЕУІ

ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР!

Отандық ақпараттық кеңістікте және әртүрлі әлеуметтік медиада түрлі тақырыптар бойынша көрінеу жалған ақпарат тарату жағдайлары жиілеп кетті.

Бұл ретте олар жекелеген блогерлердің арандатушылық мәлімдемелерімен және әлеуметтік желілер пайдаланушыларының ұлттық алауыздықты тудыратын белгілері бар комментарийлерімен бірге жүреді.

Нақты азаматтардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, сондай-ақ, бірқатар танымал адамдарды ұстау және қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы жалған хабарламалар жариялануда.

Мұндай фейктік мәліметтер қоғамдық жалған пікірді қалыптастырып қана қоймай, сонымен бірге қоғамдық тәртіпке де теріс әсер етуі әбден мүмкін.

Осындай шынайылыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратуды көбіне блогерлер қасақана, өздерінің және үшінші тұлғалардың мүдделері үшін жүзеге асырады. Олардың мақсаты – жеке пайда табу және бопсалау арқылы материалдық табыс көру.

Көрсетілген ұлттық алауыздықты қоздыруға, қорқытып алуға, көрінеу жалған ақпарат таратуға бағытталған іс-әрекеттер Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 174, 194 және 274-баптары бойынша қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы ел азаматтарын, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін, әлеуметтік желілердің пайдаланушыларын заңнаманы бұлжытпай сақтауға және жоғарыда келтірілген кез келген құқық бұзушылықтардың жасалуына жол бермеуге, арандатушылыққа бой бермеуге және тек ресми ақпарат көздеріне ғана сенуге шақырады.

САРАП

АЭС – ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ БІР ЖОЛЫ

Қазақстанда атом электр станциясын (АЭС) салу мәселесінің сөз болып жүргеніне ширек ғасырдай уақыт болды. Елдің энергетикаға деген қажеттілігін қамтамасыз ету үшін АЭС-тің қажеттігін Мемлекет басшысынан бастап, энергетика саласындағы құзырлы орган басшылары сан мәрте көтеріп, жұртшылық талқысына ұсынды. Тіпті, бірнеше мәрте АЭС салудың нақты мерзімі де белгіленгенімен, идея әлі күнге дейін жүзеге асырылған жоқ. Бұл мәселе «Қазақстанда АЭС не үшін салынуы керек?» деген тақырыпта өткен дөңгелек үстелде сөз болды.

Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің, Электроэнергетика және электротехника институтының директоры Жұбаныш Әбдімұратовтың айтуынша, Қазақстанның электрлендіру аймағын шартты түрде солтүстік, оңтүстік және батыс деп бөлуге болады. Солтүстік аймақта ахуал жаман емес: ол өңірде расында да энергия профициті байқалады және артық энергияны елдің оңтүстігіне жөнелтіп, тағы бір бөлігін Ресейге сатып жатыр. Оңтүстік аймақта электр энергиясы тапшы – солтүстіктен

алуға тура келуде, бірақ қайта айдау кезінде энергияның ауқымды бөлігі амалсыздан жоғалып кетіп жатыр. Бұл энергияның 50% шығыны ретінде де көрініс тауып отыр. Ал сарапшылардың айтуынша 2027 жылға қарай мұның әлеуеті жоғалуы мүмкін. Оның үстіне, оңтүстік аймақ бүгінде қарқынды дамып, халық саны өсіп жатыр. Батыс аймақта да энергия қуатын генерациялаудың жетіспеушілігіне байланысты тапшылық бар және ол электр энергиясының импортына тәуелді. Сондықтан біздің елімізде расында да электр энергиясының артық

көлемі болғанымен, жекелеген өңірлерде қазірдің өзінде тапшылық бар. Оңтүстік аймақта 2030 жылы электр энергиясының тапшылығы 2,7 ГВт жетуі мүмкін, соған байланысты АЭС салынуы тиіс. Қазақстанда генерациялайтын қуаттың негізгі бөлігінің қолдану мерзімі 40 жылдан асып кеткенін де атап өту керек. Сондықтан энергетикалық жүйені модернизациялау мәселесі туындап отыр. Осы арада АЭС-тің орнына жанартылған энергия көздерін пайдалану туралы да айта кеткен жөн шығар.

Жанартылатын энергия көздерінде электр энергиясының базалық генерациясын қамтамасыз ете алмаймыз. ГЭС орнататындай бізде өзен көп емес. Ал атом өнеркәсібі бізде біршама дамыған. Уран экспорты бар, жанармай элементтерінің өндірісі бар, ядролық отын зауыты іске қосылған. Бізде бұл тізбек жұмыс істеп жатыр және атом станциясы осы жүйеге үйлесім тұр. Енді АЭС салына біздің уран өз энергетикамыз үшін жұмыс істейді.

(Соңы 3-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Нұркен ЖЕКЕМБИЕВ,
Алматы гарнизоны әскери сотының
төрағасы:

«АТА-АНАСЫН ҚОРҒАЙ АЛАТЫН БАЛА ОТАНЫН ДА ҚОРҒАЙДЫ»

– Нұркен Жақыпұлы, осынау ұлан-айыр жерді иеленген халқымыз үшін әскер беделі қашан да жоғары. Сондықтан, әңгімемізді тәуелсіз еліміздің әскери соттары, олардың міндетінен бастасақ.

– Қазақ хандығы кезінде сот төрелігін билер соты атқарғанын тарихтан жақсы білеміз. «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», Әз Тәукенің «Жеті Жарғысына» сүйенген бұрынғы билер мен хандар ел арасындағы дау-жанжалды барлық уақытта бейбіт жолмен реттеп отырды, сол арқылы мемлекеттің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты. Олардың арасында Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің шоқтығы биік.

(Соңы 5-бетте)

АЛТЫН КӨПІР

Қазақстанның елордасында Шанхай ынтымақтастық ұйымына (ШЫҰ) мүше мемлекеттердің бас прокурорларының 20-шы мерейтойлық отырысы өтті.

Оның жұмысына Қырғыз, Ресей, Тәжікстан мен Өзбекстанның бас прокурорлары, сондай-ақ, онлайн форматта Қытайдың Жоғары халықтық прокуратурасының Бас прокуроры, Үндістанның Бас солиситоры және Пәкістанның Қосымша Бас прокуроры қатысты.

Қазақстанның Бас прокуроры Берік Асыллов отырысты аша отырып, аймақтағы трансұлттық қылмысқа қарсы күреске бағытталған шараларды талқылау жөніндегі беделді сараптамалық алаң ретінде өзін таныта білген ұйымның ролін атап өтті. Президенттің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Ғизат Нұрдаулетов ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан құттықтау сөз сөйледі.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы Чжан Мин өз сөзінде адам құқықтарын қорғау және қазіргі заманғы сын-қатерлерге ден қою мақсатында қадағалау органдарының арасындағы ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтті. Кездесудің негізгі тақырыбы қылмыстық активтерді қайтару кезіндегі тәжірибемен алмасу, озық практикаларды және проблемаларды талқылау болды. Трансұлттық экономикалық қылмыс қауіпсіздікке қол сұғы қана қоймай, сонымен қатар қаржы жүйелерінің тұрақтылығына, ашықтығына және тиімділігіне нұқсан келтіретін жаһандық қауіп болып табылатыны атап өтті.

Халықаралық сарапшылардың деректері бойынша ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің басқа елдермен сауда айналы-

мындағы жыл сайынғы айырмашылығы шамамен 675 миллиард АҚШ долларын құрайды. Бұл ақша ағындарының бір бөлігінің қылмыстық мақсаттарға, оның ішінде терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға бағытталуы жоққа шығарылмайды. Осы тұрғыда Қазақстанның Бас Прокуроры қылмыстық капиталды елге қайтару туралы өзінің тәжірибесімен бөлісті. Атап айтқанда, ол әріптестерін Қазақстан Президентінің Жарлығымен құрылған, өзі басқаратын Экономикалық ресурстардың заңсыз шоғырлануына қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қызметі туралы хабарлар етті.

Берік Асыллов атап өткендей, қылмыс жыл сайын біздің елдердің экономикасына орны толмас залал келтіруде. Тек тығыз өзара іс-қимыл мен бірлескен жұмыс мұндай сын-қатерлерге еңсерілетін тосқауыл жасай алады.

Шри Тушар Мехта Үндістанда трансұлттық экономикалық қылмыстарға қарсы күрес бойынша қабылданған шаралар туралы айтты. Қытайдың Бас прокуроры Чжан Цзюнь отырысқа қатысушыларды қылмыстық жолмен алынған және шетелге шығарылған активтерді өндіріп алу мәселелері бойынша ҚХР-да қолданылатын тетіктер мен құралдар туралы ақпараттандырды. Сондай-ақ, осы саладағы ресейлік тәжірибе туралы Бас прокурор Игорь Краснов айтып берді. Тәжікстанның Бас прокуроры Юсуф Рахмон қылмыстық жолмен алынған және шетелге аударылатын ақшалай

ШАНХАЙ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ – БЕДЕЛДІ САРАПТАМАЛЫҚ АЛАҢ



қаражат пен басқа да құндылықтарды заңсыз шығарудың жолын кесу бойынша шаралар туралы баяндама жасады. Ал Қырғыз Республикасының Бас прокуроры Құрманқұл Зулусhev пен Өзбекстан Республикасының Бас прокуроры Нигматилла Юлдашев шетелге заңсыз шығарылған активтерді іздестіру және қайтару жөніндегі ведомствоаралық комиссиялардың жұмысы туралы айтып берді. Талқылау шеңберінде делегаттар

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің құқық қорғау органдарының әріптестігін арттыру және трансұлттық экономикалық қылмыстарға қарсы іс-қимыл бойынша тиімді жұмыс жасау үшін коммуникацияны жақсартудағы күш-жігерді біріктіру қажеттігі туралы ортақ пікір білдірді.

Іс-шараның қорытындысы бойынша бас прокуратуралардың басшылары жымқырылған активтерді қайтару

бойынша одан әрі өзара іс-қимыл және озық тәжірибе алмасу жөнінде басым міндеттерді айқындайтын отырыстың хаттамасына қол қойды. Хаттамаға қол қойылғаннан кейін Берік Асыллов халықаралық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері бойынша шетелдік әріптестерімен екіжақты кездесулер өткізді.

ҚР Бас прокуратурасының баспасөз қызметі

МЕМОРАНДУМ

ОБЛЫСТЫҚ СОТ МЕДИАТОРЛАР ЖҰМЫСЫН ЖАНДАНДЫРУҒА ДАЙЫН

Медиацияның маңызына, бітімге келудің тиімділігіне қарапайым халықтың да көзі жете бастады. Себебі, тараптарды татуластырып, дауды келісіммен аяқтау сот жүктемесін азайтып қоймай, азаматтар арасындағы сыйластыққа сына түсірмейтінін, уақыт жағынан да, қаржылық тұрғыдан да үнемді екенін айта кеткеніміз жөн. Соған орай, елімізде дауды баламалы тәсілдермен шешудің негізі қаланып, «Медиация туралы» заңның тәжірибеге енгізілгеніне де он жылдан аса уақыт өтті. Осы заңның қолданысы аясын кеңейтіп, медиаторлар жұмысын жандандыруда, аймақтарда ардагерлер белсенділігін арттырып, Билер кеңесінің қызметін насихаттауда соттардың үлесі зор. Игілікті істі үзіп алмай, әрі қарай жалғастыру қашан да маңызды. Сондай ілкіміз бастама жақында Түркістан облыстық сотында жүзеге асты.

Түркістан облыстық сотының төрағасы Тұрысбек Мыятыбеков пен «Халықаралық медиация орталығы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Түркістан облысындағы филиалының директоры Е.Әлжанов татуластыру рәсімдерінің аясын кеңейту, қоғамның дауласушылық деңгейін мейлінше төмендету, бітімгершілік



шешімдерін қабылдаудың заманауи, жедел механизмдерін енгізу жолымен татуласу тиімділігін арттыру мақсатында өзара меморандумға қол қойды. Аталған шараның модераторы облыстық соттың татуласу рәсімдерін үйлестіруші судьясы А.Алшынбаев болды.

Іс-шара облыстық соттың судьялары, облысымыздың жергілікті кәсіби медиаторларының және БАҚ, телеарна өкілдерінің қатысуымен өткізілді.

Меморандумға сәйкес, енді дауласушы тараптар кәсіби медиаторлардың қызметін аймақтағы аудандардан да алуға қол жеткізетін болады. Тараптар өзара нәтижелі, тығыз жетістікке қол жеткізетініне сенім білдірді.

Түркістан облыстық сотының баспасөз қызметі

КӨКЕЙКЕСТІ

Қазақстан Республикасына келіп жатқан Ресей азаматтарының артуына байланысты Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі ресми түрде хабарлама жасады. ІІМ Көші-қон комитеті төрағасының міндетін атқарушы Аслан Аталықовтың айтуынша, Қазақстан шекарасынан өткен көрші ел азаматтарының барлық қадамы қатаң бақылануда.

ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ КЕЛІП-КЕТУІ БАҚЫЛАНУДА

Қазақстанда мигранттардың келуі мен болуын көші-қон қызметі жіті қадағалап отыр. Шетелдіктердің Қазақстанда жүру тәртібі заңмен реттелді. Ол бұрыннан заңды түрде қарастырылған. Соған сәйкес, бірде-бір шетел азаматының көші-қон заңнамасының талаптарын орындамай, мемлекетіміздің аумағында болуға құқығы жоқ.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің азаматтары үшін Қазақстанда болудың рұқсат етілген мерзімі мемлекеттік шекарадан өткен күннен бастап, ортақ ереже бойынша 90 күннен кейін аяқталады. Мигранттарды тіркеуді ішкі істер органдары қабылдаушы тараптардың мәліметтері мен ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шетелдіктердің кіруі мен шығуын есепке алатын Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінен бірыңғай дерекқорға уақытылы түсетін мәліметтер негізінде жүзеге асырады.

Статистикаға сүйенсек, биыл Қазақстанға 4,3 млнға жуық ше-

телдік келсе, 4,1 млн кеткен. Оның 1 660 000 Ресей азаматының 1 640 000-ы кеткен. Әрқайсысының төлқұжат деректері мен кіру күндері, олар туралы толық ақпарат бар. Көші-қон процестеріне мониторинг жүргізілуде. Ішкі істер органдары жеуашілердің елге келуінің белгіленген ережелерінің сақталуын бақылауда. Шетелдіктің елде болу мерзімі аяқталса, оған қатысты заңда көзделген шаралар қолданылады.

Бақылау барысында көші-қон заңнамасын бұзған 45 700 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оның 4200-і мәжбүрлі түрде Қазақстаннан шығарылды. Оның ішінде көші-қон заңнамасын бұзған 3200 ресейлік жауапқа тартылған. Бұл елге келген Ресей азаматтарының тек 0,2% құрайды. Статистика көрші ел тұрғындарының Қазақстанда болу шарттарын сақтағанын көрсетеді. Егер оны бұзған жағдайда Қазақстаннан мәжбүрлеп шығару 5 жыл мерзімге елімізге қайта кіруге тыйым салу түріндегі ко-

сымша санкцияны қарастырады. Сол сияқты ішкі істер органдары шетелдіктердің Қазақстанда болу тәртібінің сақталуын уақытша тұруға берілген рұқсат негізінде бақылайды. Шетелдіктерге уақытша тұруға рұқсат Қазақстан заңында көзделген еңбек шарты, оқи, емделу және басқа да жан-жақты негіздерге байланысты беріледі.

Көші-қон қызметі олардың тұрғылықты мекенжайы, тұрғын үйдің иесі және онда тұратын шетелдіктер туралы толық ақпарат бойынша иммиграциялық бақылауды қамтамасыз етеді. Шекарадан заңсыз өтуге, ел аумағында тіркеу үшін құжаттарды ресімдеу тәртібін бұзуға байланысты кез келген жағдайдың Қазақстан заңнамасына сәйкес жолы кесіледі. ҚР Көші-қон қызметі штабтық режимде жұмыс істеуде. Шетелдіктердің, уәкілетті мемлекеттік және құқық қорғау органдарының заңдылықты сақтауын бақылау жүзеге асырылуда.

А.БАҒЛАНҰЛЫ

БЕЗБЕН

РАҚЫМШЫЛЫҚТАН КІМДЕР ҮМІТТІ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған биылғы жолдауында қаңтар оқиғасына қатысқандарға бір реттік рақымшылық берілетіні жариялаған болатын. Бірақ, мұндай жеңілдікке тәртіпсіздіктерді ұйымдастыруға қатысы бар басты фигуранттар, сондай-ақ, мемлекетке сатқындық жасады және билікті күшпен басып алуға тырысты деп айыпталған тұлғалар ілікпейтіні айтылған еді.

Осы хабар шыққалы бері көпшіліктің көңілінде алаң. Өйткені, қаңтар оқиғасына қатысқандардың алғашқы легі сот үкімімен жазасын алып та үлгергені белгілі. Соған орай, кімдер рақымшылыққа ілігеді, қай баппен сотты болған-

дар жауаптылықтан босатылады деген сауалды көпшілік жиі қоятын. Бұған дейін бұл сауалдарға жауап берген Әділет министрі Қанат Мусин қаңтар оқиғасына қатысқан адамдарға бір реттік рақымшылық жариялау тәртібін түсіндірген. Министр рақымшылық беру үшін Парламент алдымен арнайы заң қабылдайтынын, соған сәйкес рақымшылыққа ілігетін адамдардың тізімі жасалатынын мәлімдеген еді. Жақында «Рақымшылық жасау туралы» заңның жобасы бойынша реттеушілік саясаттың консультатив құжаты қабылданды.

«Қаңтар оқиғасы» бойынша іс жүргізуде 391 қылмыстық іс бар. Олар бойынша 383 күдікті, айыпталушы болды. Құжатта бұлтартпау шаралары бойынша: ешқайда кетпеу туралы қолхат – 153, күзетпен ұстау – 147, ұйқамқақ алу – 24,

кепіл – 19, жеке кепілгерлік – 2 адамға берілген. Бұған қоса, бұлтартпау шарасы таңдалмаған – 28, іздеуде жүрген 10 адам бар.

Соттың іс жүргізуінде 102 адамға қатысты 36 іс тұр. Сотталғандар саны – 1035, оның ішінде, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеушілер – 93, пробацияда – 930. Сонымен бірге, 3 адамға айыппұл тағайындалып, қоғамдық жұмыстарға 9 адам тартылған. Ал түзеу жұмыстарына ешкімді міндеттемеген.

«Рақымшылық жасау туралы» заңның жобасы бойынша реттеушілік саясаттың консультатив құжатында «Сипатталған мәселені шешу үшін қылмыстық теріс қылықтар және онша ауыр емес, ауырлығы орташа, ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға, олардың соттылығын алып тастап, рақымшылық жасау көзделген. Қылмыс-

тық теріс қылықтар мен онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасаған адамдарды қылмыстық жауаптылықтан толық босату ұсынылады», – делінген.

Ал ауыр және аса ауыр қылмыстар жасаған адамдарға жаза мерзімі қысқартылуы мүмкін.

«Заң жобасының күші мемлекетке опасыздық жасауға байланысты қылмыстар жасаған; жаппай тәртіпсіздіктерді, сыбайлас жемқорлық қылмысты, террористік қылмысты, экстремистік қылмысты, азапруды ұйымдастырған, сондай-ақ, қылмыстардың қайталануы немесе қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде жаза тағайындалған адамдарға қолданылмайды», – делінген құжатта.

Осыдан көріп тұрғанымыздай, жаңа заң қолданысқа енетін болса сотты болған азаматтардың біразының жазасы жеңілдетіліп, жазаны өтеу жылы қысқартылуы мүмкін.

А.БАҒЛАНҰЛЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӘСКЕРИ МОБИЛИЗАЦИЯ: ЕРЕУІЛ мен ЕЛДЕН БЕЗУ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оның 21 қыркүйектегі «жартылай жұмылдыру» туралы жарлығына орай әскери қызметке шақырылған 18 бен 60 жас аралығындағы азаматтар әскери қызметші мәртебесін алады және қолбасшының бұйрықтарына бағынады. Талапты орындамағандар қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Ресейдің Қорғаныс министрі Сергей Шойгу айтуынша, әзірге резервтегі 300 мың ресейлікті майдан даласына шақыру жоспарлануда. Бұл хабар Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексіне «жұмылдыру», «соғыс жағдайы» және «соғыс уақыты» сияқты ұғымдарды енгізетін заң жобасы қабылданған күннің ертеңінде жарияланды.

Кодекске бірқатар жаңа баптар қосылды: енді тұтқынға түскен әскерилерді он жылға дейін бас бостандығынан айыру, бір ай ішінде әскери қызметке келмегені үшін бес жылдан он жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Сонымен қатар, әскери жағдай кезінде бұйрықты орындамау, атап айтқанда ұрыс қимылдарына қатысудан бас тарту екі жылдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырумен

жазалануы. Әскерге тек запастағы және әскери борышын өтеген азаматтар ғана жіберіледі.

Алайда елдегі «Бірінші бөлім» атты құқық қорғау жобасының негізін қалаушы Иван Павловтың айтуынша, жартылай жұмылдыру деп жарияланғанымен, адамдардың барлығы бұл үрдістен тыс қалмайды. «Ішінара жұмылдыру, жалпы жұмылдыру – бұл жерде айырмашылық онша көп емес. Жартылай жұмылдыру деген сөз құлаққа ғана жағымды естіледі», – дейді Павлов.

Расында да, ақпарат көздерінен жұмылдыру жарияланғаннан кейін көп ұзамай ресейліктердің әскери комиссариаттардан бұйрықтар мен шақыру қағаздарын ала бастағаны белгілі болып отыр. Бұл ресейліктердің арасында дүрбелең тудырды. Өткен сәрсенбі күні Ресейдің ондаған қаласында мобилизацияға қарсы шерулер өтті. Құқық қорғаушылардың мәліметінше, мыңнан астам адам ұсталған.

Сонымен қатар, бұл жағдай елдегі эмиграцияның қарқын алуына алып келді. Жұмылдыру жарияланған күні визасыз елдерге әуебилеттері жаппай сатыла бастады. Тіпті сол, яғни, мобилизация жарияланған 21 қыркүйек күні

авиакассаларда Мәскеуден Ыстамбұл, Ереван, Тбилиси және Белградқа билет қалмаған. Соғысқысы келмегендер Қазақстанға да ағыла бастады. Тіпті, еліміз шұғыл ұшудың мүмкіндігі зор бағытының біріне айналды. Өйткені, Ресей батыстың санкциясында болғандықтан таңдау аз. Әсіресе, Ресейдің бес облысымен шектесетін Батыс Қазақстан облысындағы бақылау-өткізу бекетінде ресейлік көліктердің көптеп шоғырланғаны байқалды. Самара қаласы Батыс Қазақстан облысының әкімшілік орталығы Оралдан небәрі 260 шақырым жерде орналасқан. Көпшілігі шекарадан жаяу өтіп, одан әрі қазақстандық такси жүргізушілерімен межелі жеріне жетуде. Жергілікті журналистер қалада күндіз ресейлік нөмірлі көліктер санының айтарлықтай артқанын хабарлап жатыр.

Бұл – ресейліктер эмиграциясының екінші толқыны. Мәскеу Украинаға басып кірген 24 ақпаннан бері Ресейден кеткен азаматтардың саны артты. Содан кейін көп ұзамай Кремль оның саясатымен келіспейтіндерге қарсы репрессияны күшейтті. Батыс елдері салған санкциялардан кейін және Visa мен Mastercard ресейлік нарықтан кеткеннен кейін ресейліктер Қазақстанға

және басқа да посткеңестік республикаларға интернет-дүкендердегі тауарлар мен қызметтерді төлеу үшін банк карталарын алуға жаппай келе бастаған еді. Алайда орыстар өздерін эмигрант емес, қоныс аударушылар – тұрғылықты жерін уақытша ауыстырған кәсіпкерміз дейді екен. Қазіргі әскерге шақырылудан қашып жатқан ресейліктердің бар ойы әскери комиссариаттарға шақыру қағазын алғанша бой тасалап үлгеру. Өйткені, шақыруға ілігіп кеткен жағдайда қылмыстық заң бойынша жауапқа тартылады. Келгендердің арасында Қазақстаннан тәуелсіздік таны атында кеткендер де аз емес.

Ресми емес дерек көздері 1,5 млн-нан астам ресейліктің Қазақстан шекарасынан өткенін айтуда. Алайда ҚР ҰҚК Шекара қызметі Ресейден Қазақстанға келгендердің нақты саны белгісіз екендігін алға тартып отыр. Ондағы дерек бойынша, биыл Қазақстанға 4,3 миллионға жуық шетел азаматы келіп, 4,1 миллионы кеткен, оның ішінде Ресей Федерациясының 1 миллион 660 мың азаматы бар.

Билік Қазақстанда жүріп-тұру тәртібін бұзған шетел азаматтары бес жылға қайта кіруге тыйым салынып, елден шығарылатынын еске салды. Мәселен, қыркүйектің 22-сі күні Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев Қазақстанның ресейліктерге тұруға рұқсат беруге дайын екенін, бірақ бұл үшін олардың белгілі бір талаптарды сақтауы қажеттігін айтты.

– Егер Ресей азаматтары Қазақстанда тұруға рұқсат алғысы келсе, ел заңнамасы талап ететін құжаттар пакетін ұсынуы керек. Бұл құжаттар тізбесі арасында адам кететін мемлекеттің келісімін талап ететін тармақ бар. Ол заңда анық көрсетілген. Егер мемлекет азаматтың елден шығуына рұқсат бермесе, Қазақстан оған тұруға рұқсат бере алмайды, – деп мәлімдеді Сенат спикері.

Әйтсе де халық Ресей тарапынан басталған бұл эмиграцияға айрықша алаңдаулы. Бұған нақты себеп те жоқ емес. Олардың бастысы – бағаның күрт өсуі. Әсіресе, соңғы бір апта ішінде жалға берілетін пәтер бағасының кей өңірде 1 миллион теңгеге дейін жетуі жұртшылықтың наразылығын тудырып жатыр. Бәрімізді қиын сәтте пайда тауып қалуға тырысқандардың пайызы шошытып тұрған жайы бар. Олар пәтер жалдаушылардың жалынғанына қарамай жалдау құнын өсіріп, оны төлеуден бас тартқандарды қуып жатыр екен. Оңай олжаға құныққандар үшін өз қандасының мүддесінен гөрі қалтаның қамы жоғары болып тұрғандай. Такси бағасы да аспандап кетті. Таяқ тастам жер үшін әкесінің құнын сұрайтындардан айналып келгенде өз отандастарымыз зардап шегуде. Өзге де заттар мен қызмет ақысы өсіп барады. Ұялы байланыс, жанар-жағар май, құрылыс материалдары, автобөлшектер, азық-түлік, халық тұтынатын өзге де заттардың кейбірі бірнеше есеге қымбаттады. Онсыз да несиеге байланған халықтың көпшілігіне бұл ауыр соққы болуда.

Ресейліктердің келуі есіктен сығалап тұрған мемлекеттік тілдің де тынысын тарылта түсетін түрі бар. Бұл жөнінде өзінің фейсбуктегі парақшасында философ ғалым Әбірашит Бәкірұлының айтқан ойы көптің көкейіндегісін дәл басады. Ол тіл жөніндегі талаптар орындалмай келе жатса да, өзінің эволюциялық өсіміне сенген халықтың соңғы үмігіне ресейліктердің келуімен қауіп төнгенін айтады. Бұл жағдайлардың барлығы, әрине, ел билігінің заңнамалық актілерді қайта қарап, бүгінгі уақыт талабына сай шаралар қабылдау қажеттігін көрсетеді.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

САРАП

АЭС – ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ БІР ЖОЛЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Егер АЭС-тің қолданылуы бойынша әлемдік тәжірибеге көз жүгіртер болсақ 2022 жылдың басындағы жағдай бойынша, әлемде қуаты 391 ГВт болатын 439 реактор жұмыс істейді. АЭС-ті 32 мемлекет пайдаланады. Оның басым көпшілігі Еуропада, Солтүстік Америкада, Қиыр Шығыс Азияда және бұрынғы КСРО территориясында орналасқан. Қазіргі уақытта 19 елде электр қуаты 55 ГВт болатын 52 реактор салынып жатыр. Бұл ретте Беларусь, Біріккен Араб Әмірліктері, Бангладеш және Түркия алғашқы атом электр станцияларын салуда, – дейді Ж. Әбдімұратов.

Электрэнергетика және электротехника институтының директорының сөзіне қарағанда, дүниежүзі бойынша АЭС-та өндірілетін электр энергияның жартысы АҚШ пен Францияның үлесінде. Қазақстандағы АЭС-ке қарастырылып отырған реакторлар 3 немесе 3+ буыны анықтамасына сәйкес келеді. Бұл жоғары қауіпсіздік пен оң экономикалық көрсеткіштерді білдіреді. Қазіргі жетілдірілген технологиялар тәуекелді азайтуға көпшілік береді. АЭС-ті пай-

станциялары» ЖШС-нің Жаңа ядролық және энергетикалық технологиялар бойынша бас менеджері Асуан Сиябековтің айтуынша, АЭС жобасы бойынша жұмыс соңғы жылдары тек сөз жүзінде ғана қалып қоймай, нақты шаруалар атқарылууда. Атап айтқанда, 2018 жылы ТЭН-нің маркетингтік бөлімі әзірленіп, тәуелсіз халықаралық сараптама жүргізілді. 2019–2021

жылдары жетекші сатушылардың міндетті емес техникалық-коммерциялық ұсыныстары алынды. Қытайдың – CNNC, Кореяның – KHNP, Ресейдің – Росатом, Францияның – EDF компанияларының ұсыныстары бойынша «Шорт-парақ» құрастырылды. Биыл ТЭН-нің маркетингтік бөлімі өзектендіріліп, Қазақстан Республикасының атом саласын дамыту жөніндегі ВАК отырысында таңдау ұсынылды. Сондай-ақ, Кореяға, Францияға, Түркиядағы «Ақкую» АЭС-не және Венгриядағы «Пақш» АЭС-не сапарлар өткізілді.

2023 жылы технология таңдалып, АЭС салу ауданы бойынша ҚР Үкіметінің қаулысы шығарылады. Ал 2025 жылы АЭС ТЭН әзірлеу мен мемлекеттік сараптау, 2028 жылы ЖСҚ әзірлеу және сараптау жүргізіліп АЭС құрылысы туралы Үкімет қаулысының қабылдануы жоспарланған. Содан кейін ғана 2029 жылы құрылыс монтаждау жұмыстарын (ҚМЖ) бастау мен жабықтарды жеткізу жүзеге асырылып, ҚМЖ 2034 жылы ғана аяқталып, 2035 жылы АЭС пайдалануға берілетін болады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

МЕРЕЙТОЙ

Алматыдағы Ұлттық кітапханада «Qazaqstan Dauiri» газетінің 30 жылдық, газет шекпенінен шыққан «Мәлдір бұлақ» республикалық балалар журналының іргесі қаланғанына 20 жыл толуына орай мерейтойлық конференция өтті.



ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ ҚОЛДАУСЫЗ ҚАЛМАСА ЕКЕН

Еліміздің тәуелсіздік алғанына бір ай өткен соң жарық көре бастаған «Zaman-Qazaqstan» газеті уақыт өте «Qazaqstan Dauiri»-не айналып, осы жаулар ішінде халықтың тыныс-тіршілігін, мұң-мұқтажын үзбей жазып, көпшіліктің көзайым баспасөзіне айналды. Сондықтан аталмыш жиынға еліміздің түкпір-түкпірінен БАҚ басшылары, белгілі журналистер мен жазушылар, зиялы қауым өкілдері көп жиналып, ел алдында есеп берген мерейтой иелері «Ұлт шырағы» жинағы мен «Намыс қайрағы» кітаптарының да тұсауынан өткізіп, жиналғандарға тегін таратты.

Сондай-ақ, жиын соңы «Қазақ баспасөзі: бүгін және ертең» атты конференцияға ұласып, бүгінгі қазақ баспасөзі бетпе-бет келіп отырған мәселелер ортаға салынып, мерзімді басылмалардың басшылары атынан ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа арналған ашық хат та талқыланды: «Барлық басылмалардың соңғы жылдары жазылу көрсет-

кіші күрт төмен түсіп кетті. Қолымыздан келген ұйымдастыру жұмыстарын істеп жатырмыз. Әсіресе 18 мың кітапханаға бір данадан жазылу жөніндегі ұсынысымыз орындалған жоқ. Сондықтан бұл хаттымызды сізге тағы да жолдап отырмыз. Егер де осылай кете берсе, қазақ баспасөзінің халықпен байланысы нашарлап, өзі де қатары селкеуленіп қалған басылмалар жаппай жабылуы әбден мүмкін. Сондықтан, қадірлі Президент мырза! Қазақ баспасөзін тікелей өз қамқорлығыңызға алуыңызды өтінеміз» деп басталған ашық хатта баспасөзді қолдаудың нақты жолдары да ұсынылған. Осыған дейін де билікке жолданған хатта көтерілген мәселені әлі күнге шешілмей келе жатқанына жиналғандар алаңдаушылық танытты.

«Баспасөзді оқымау ол нағандыққа бейжайлыққа, рухани мешеулікке, сауатсыздыққа тікелей жол салу деп білеміз. Өркениетті, дамыған мемлекеттерде мұндай теріс көзқарас мүлдем жоқ. Оларда

газет, журнал оқу мәдениеті ерқашанда жоғары. Қазір ақпаратқа деген халықтың сұранысы артып отыр. Мерзімді басылмаларға қаржылай және рухани жағынан олар қамқорлық жасап отырады. Бұл мәселені шетелдердің тарих-танымын терең зерттеген сіз жақсы білесіз. Баспасөзге жазылу науқаны алдында қайтадан өзіңізге хат жазуға мәжбүр болып отырмыз. Бұл хаттымыз нәтижесіз, аяқсыз қалмайды деп сенеміз. Біз мерзімді басылмалардың таралымын көбейтудің бірнеше жолдарын ұсынамыз» деп бір топ қазақ баспасөзі редакторларының қолы қойылған хат тағы да Мемлекет басшысына жолданды. Мәселе шешімін тапса игі!

Мерейтойлық құттықталулар айтылып, кітаптардың тұсауы да кесілген, қазақ баспасөзінің мәселесі де талқыланған жиын көпшіліктің көңілінен шықты.

Қуаныш ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

ПАЙЫМ

БІЛГЕН ЖӨН

САЛАДАҒЫ СОНЫ РЕФОРМАЛАР ЖАЛҒАСАДЫ

Соңғы жылдары орын алып жатқан өзгерістер азаматтардың сотқа қолжетімділігін арттырып, ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз етуде. Егемен елдің көз көлген азаматының өз құқығын сот арқылы қорғауына барлық мүмкіндік жасалған. Бүгінгі таңда азаматтардың сот билігіне сенімі күшейіп, сот жүйесінің беделі артауда.



отбасылық зорлық-зомбылық ушығып, күрт көбейіп барады. Осыған байланысты отбасылық зорлық-зомбылықты қылмыс санатына жатқызып, ол үшін жазаны күшейту, синтетикалық есірткіні өндіруге және таратуға қарсы күрес жалпыұлттық деңгейде жүргізілуі мүмкін.

Сот жүйесін реформалау 1995 жылдан бері бір сәтке тоқтаған емес. Жүйеге көптеген өзгерістер легі орын алуы мүмкін. Биліктің бір тармағы саналатын сот саласында елеулі өзгерістердің болып жатқанына, оның тәуелсіз де бейтарап және әділетті төреліктің жүзеге асырылып жатқанына қарапайым жұртшылықтың да көзі жете бастады. Реформаның басты нәтижесі осы, яғни, халықтың сотқа сенімінің артуы мен өз мүдделерін қорғауы үшін сотқа жүгінуі дер едім.

Мемлекетіміздің даму стратегиясын жүзеге асыруда сот жүйесінің алатын орны жоғары. Ел Президенті Қ.Тоқаев биылғы жолдауында әділетті мемлекет құру жолындағы нақты бағдарларды атап көрсетті. Оның ішінде «Заң және тәртіп» дейтін бесінші бағдар – сот-құқық жүйесіне арналған.

Судьялар корпусының кәсібилігін арттыру мәселесі еліміз тәуелсіздік алғаннан бері күн тәртібінен түскен емес. Себебі, сот жүйесін жақсарту кадр мәселесіне байланысты. Президент судьяларды қайта іріктеп, жаңадан жасақтауды тапсырды. Алдағы уақытта сот төрағаларын Президент жарлығымен емес, судьялар сайлауы мүмкін. Бұл барлық деңгейдегі судьялардың мәртебесін бірдей ұстауға ықпал етеді. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, бәсекеге қабілеттілікті арттырады. Судьяларға қойылатын талап та алдағы уақытта түбегейлі өзгеріп, қатаңдатыла түспек.

Біздің қоғамда отбасылық даулар,

Еліміздегі барлық соттарына дамыған әрі тиімді электронды технологияларды қолдану жүйесі енгізіліп, сот өндірісіне қатысушылардың істің қозғалысы туралы жедел ақпарат алуына, шығарылған сот актілерімен танысуына барлық мүмкіндіктер жасалды.

Бүгінде қазақстандық сот жүйесі – біртұтас мемлекеттік биліктің толысқан, тәуелсіз, жауапты және пәрменді тармағы болып табылады. Еліміздің сот жүйесі үздіксіз даму үстінде. Халқы заңын сыйлайтын, сотына сенетін жүйе құрылып келеді.

«Алдымен – экономика, содан соң – саясат» деген формуламен ілгерілеп келе жатқан еліміз үшін сот төрелігінің «қара қылды қақ жарған» әділдігі, ел сенімін арттыратын ашықтығы, жариялылығы аса маңызды. Алдағы сот реформасының жаңа кезеңі әділетті мемлекет құруда үлкен нәтижеге алып келеді деп сенеміз!

Гүлмаржан ӘДІЛСҰЛТАНИ,
Ақтау қалалық сотының судьясы

Әрбір азаматқа қорғануға мемлекет құқық береді. Бұл туралы Конституцияда жазылған. Заңды және жеке тұлғаларға заң көмегін әртүрлі құқықтық субъектілері көрсетеді, сонымен қатар, адвокаттар мен нотариустар көрсетеді.

Адвокаттық және нотариаттық қызметтерді жүзеге асырудың негізгі талаптарының бірі – мемлекеттік лицензиясының болуы. Лицензия алу бірнеше сатыдан тұрады. Адвокаттық және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткерлер әділет органдарында мемлекеттік қызмет алады.

Көрсетілетін мемлекеттік қызмет – қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылады. Әрі олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асырады.

«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңның 40-бабының 2-тармағына сәйкес, адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адам тағылымдамадан өткеннен кейін, аттестаттау жөніндегі комиссияға «Электрондық үкіметтің» веб-порталы не заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы Қазақстан заңнамасында көзделген құжаттарды тіркей отырып, өзін аттестаттауға жіберу туралы өтініш жібереді.

Сонымен қатар, «Нотариат туралы» заңның 7-2-бабының 2-тармағына сәйкес, нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адам тағылымдамадан өткеннен кейін тиісті құжаттарын қоса тіркей отырып, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық әділет органдары арқылы аттестаттауға жіберу туралы өз өтінішін аттестаттау комиссиясына жолдайды.

Адвокаттық және нотариалдық қызметпен айналысуға үміткер тұлғалар www.e.gov.kz, www.elicense.kz электрондық үкімет веб-порталы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбасы бойынша электрондық құжаттарын тапсырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету про-

АДВОКАТ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ...

цесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұнын мен нәтижесін, сондай-ақ, мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі «Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу» және «Нотариаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу» мемлекеттік қызметін қызмет стандарттарында келтірілген.

Мемлекеттік қызмет «Е-лицензиялау» жүйесінің мемлекеттік дерекқоры арқылы тегін көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады және көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Адвокаттық және нотариаттық қызметпен айналысатын тұлғаларды аттестату екі кезеңнен тұрады:

- 1) Қазақстан Республикасы заңдарын білуге компьютерлік тест;
- 2) емтиханда билет бойынша ауызша тапсырмаларды орындау.

Компьютерлік тестке жұмсалатын жалпы уақыт 90 минутты (100 сұрақ) құрайды. Қызмет алушы компьютерлік тестте ұсынылған жалпы сұрақтардың жетпісіне дұрыс жауап беретін болса, сынақтан өткен болып саналып, екінші кезеңге жіберіледі.

Екінші кезеңде қызмет алушыға практикалық тапсырмаға дайындалу үшін 10 минут беріледі. Үміткердің практикалық тапсырмаға жауабын

комиссия мүшелері бес балдық жүйемен бағалайды. Аттестаттау немесе аттестаттамау туралы комиссияның шешімі аттестация өткізілген күні шығарылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады және көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау туралы шешім ол шығарылған күннен бастап алты жыл бойы жарамды болып табылады. Ал, нотариаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау туралы шешім ол шығарылған күннен бастап үш жыл бойы жарамды болып табылады.

Адвокаттық және нотариаттық қызметтерді лицензиялауды Әділет министрлігі жүзеге асырады. Адвокаттық және нотариаттық қызметтермен айналысу құқығын лицензиялау 2011 жылдың 15 тамызынан бастап электрондық түрде көрсетіледі.

Әділбай ЕРЖАНОВ,
Әділет департаменті
құқықтық түсіндіру және халыққа жангерлік қызмет көрсету бөлімінің басшысы



ҮКІМ

ҚАЗЫНА



ҚАЙРАТ САТЫБАЛДЫ СОТТАЛДЫ

Қайрат Сатыбалдыұлына қатысты сот үкімі шықты. Ол алты жылға сотталды.

Астана қаласы «Байқоңыр» ауданы №2 сотының судьясы Нұрлан Баяхметов шығарған үкімде «Қайрат Сатыбалдыұлы Қылмыстық кодекстің 28-бабы 3-бөлігі, 189-баптың 4-бөлігі 2-тармағы, 195-баптың 4-бөлігі 2-тармағы бойынша кінәлі деп танылсын. Қайрат Сатыбалдыұлының мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан 10 жыл мерзімге айыра отырып, алты жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалсын», – деп көрсетілген.

Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі 13 наурызда «Қазақтелеком» АҚ-ның қомақты қаржысын жымқырды және қызметтік өкілетін асыра пайдаланды деген күдікпен Қайрат Сатыбалдыұлын ұстап, уақытша қамау изоляторына жапқан болатын.

Экс-президент Нұрсұлтан Назарбаевтың немере інісі Қайрат Сатыбалдыұлы «Kaspi.kz» АҚ негізгі акционерлерінің бірі болған (30%), Alatau Capital Invest арқылы «Қазақтелекомда» үлесі бар. Ол әр жылдары мемлекеттік қызметте істеген. 2000 жылдары Астана қаласы әкімінің орынбасары, «KazakhOil» компаниясының вице-президенті, «Қазақстан темір жолы» компаниясының бірінші вице-президенті болған.

Forbes журналы 2018 жылы оны Қазақстандағы ең ықпалды 50 кәсіпкердің қатарына жатқызған еді. Журнал сол жылы оның байлығын 163 млн долларға бағалаған.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

СӨЗІ ЖОҒАЛҒАН ҰЛТТЫҢ ӨЗІ ДЕ ЖОҒАЛАДЫ

Кез келген ұлттың тұтастығын, рухани қуаты мен мәдени сапасын көрсететін кеңістік оның – мемлекеттік тілі. «Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» – деп Алаш көсемі Ахмет Байтұрсынның тегіннен-тегін айтпаса керек. Өлем халықтары тілімен қоса өзі де жер бетінен жойылып кеткен талай ұлтты, мемлекетті біледі. Оған тарих куә. Талай зобалаң жылдарды басынан көшірген қазақ та тәуелсіздігі мен тілі үшін, елі мен жері үшін көптеген қиыншылық кезеңдер мен қанқұйлы шайқасты өткерді. Демек, тәуелсіздік бізге қандай қадірлі болса, қазақ тілі – мемлекеттік тіл де сондай аяулы.

Тәуелсіздік қазақ еліне көп игілік әкелді. Мемлекеттік рәміздер, мемлекеттік тілімізбен қатар ұлттың еңсесі көтерілді. Азаттық пен еркіндік Қазақстанды пәрменді мемлекет, зайырлы қоғам, заманауи елге айналдырды. Осы ретте, мемлекеттік жүйе де ұлтқа қызмет ету, қарапайым көптің мүддесін алға шығару, құзырлы органдарды нығайту, халыққа сапалы әрі қолжетімді қызмет ұсыну, «естітін Үкімет» принциптерін алға шығарды. Осындай айтулы шаралармен қатар Үкімет, атқарушы билік орындары іс-қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру секілді ауқымды шаруаны қолға алды. Бүгінде көптеген салада мемлекеттік тілде толық қызмет көрсетіледі.

Мәселен, Қазақстанның сот жүйесі тәуелсіздік жылдарынан бері іс-қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру, істерді қараудағы мемлекеттік тілдің үлес салмағын арттыру, қарапайым халықтың арыз-арман, талап-тілегін ана тілде қабылдау, мемлекеттік тілде қызмет көрсету мәселелерінде үздіксіз даму үстінде. Ақтөбе қалалық сотында іс-қағаздарының басым бөлігі мемлекеттік тілде жүргізіледі. Цифрлы жүйе, сандық формат, сот кабинеттері азаматтардың талап-тілегіне ана

тілінде жауап беру тетіктерін пайдаланады, көпшілік қалаған тілінде талап арыз түсіріп, Ақтөбе қалалық сотынан мемлекеттік тілде кез келген сұрағына жауап ала алады. Сот кабинеттерінің, цифрлы жүйе мен онлайн қызмет түрлерінің сапалы, мемлекеттік тіл қолданысына көшуі қарапайым халықтың сотқа деген сенімін арттырды.

«Тіл туралы» заңның 4-бабында: «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі», – деп атап көрсетілген. Ақтөбе қалалық соты заңның мемлекеттік тілге қатысты бүкіл бағыттарын ұстанып, бүгінде көпшілік көңілінен шығып отыр. Қазіргі уақытта сотта мемлекеттік тілде қаралатын істердің үлес салмағы да артып келеді. Жергілікті, өңірлік сипат есебіне қарағанда көпшілік ресми тілдің үлесіне күдікпен қарамайды. «Сотта қаралатын істердің бәленбай пайызы орыс тілінде қаралады», – деп дабыл қағатындар да кездеседі. Бірақ тәуелсіздіктің алғашқы жылдарымен салыстырғанда мемлекеттік тілдің тынысы ашылған. Бүгін де сот табалдырығын аттаушылар арасында



Нұрайым ЖҮБАНЫШҚЫЗЫ,
Ақтөбе қалалық сотының кеңсе-бас маманы

мемлекеттік тілді талап етушілер көп. Судьялар да медиаторлар да, өзге мамандар да мемлекеттік тілге басымдық беріп отырады. Бұл ана тілінің ешқашан мәртебесі төмендемейтінін көрсетеді. Мемлекеттік тіл мәртебесі қашан да биік. Тіл мемлекеттің бет-бейнесі. Сондықтан оның тұғыры биік, беделі асқақ.

(Соңы. Басы 1-бетте)

Есім хан мен Қасым ханның заңдар жиынтығы, Жеті Жарғы қай-қайсы болсын барлығында әскери мәселелерге қатысты салмақты қағидалар бекітілген. Мысалы, сол дәуірдің әскери-саяси және әлеуметтік қажеттіліктері, әскери міндеттілік, елге қатер төнгенде жауға қарсы жарамды азаматтың бәрінің соғысқа баруы, қолбасшыға бағыну, т.б. тәртіптер айқындалған. Осылардың өзі бабаларымыздың әскери істерде темірдей тәртіппен билік жасағанының айқын дәлелі.

Мұны айтып отырғаным, халқымыз «Өткенсіз бүгін жоқ» демей ме? Біздің бүгінгі жетістіктеріміз бабалар жолының жалғасы, яғни, Қазақстан сол билердің тікелей мұрагері десек, тәуелсіз еліміздің сот жүйесі оның бір тармағы Әскери сот та мемлекетімізде айрықша маңызға ие. Әскери соттардың басты міндеті әскери қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделерін әділ қорғау, сол арқылы қоғамның сот жүйесіне деген сенімін одан әрі арттыру болып табылады. Әскерилердің қызметі ұлттық қауіпсіздігімізді қамтамасыз етумен тығыз байланысты болғандықтан, халықтың құрметі жоғары. Әскери киім киген адамдар мінсіз абырой мен әділдіктің эталоны, болашақ ұрпақтар үшін үлгі болуға тиіс. Ал, біз олардың бұзылған құқықтарын заңды түрде қарап, әділ шешуге қызмет етеміз.

– 30 жылдық тарихы бар әскери сот қалай құрылды, даму жолы қандай, кімдер басқарды осылар жайлы мағлұматтарға да қысқаша тоқталып өтсеңіз?

– Заман талабына сай сот жүйесі күрделі өзгерістерді бастан кешіріп, елмен бірге дамыды. Оның ішінде әскери соттар да бар. Мәселен, тәуелсіздік алғаннан кейін барлығын жаңадан бастау керек болды. Әсіресе, өз әскерімізді құру міндеті тұрды. Себебі, жас мемлекетіміз үшін қауіпсіздік ең басты мәселе болды. Осы орайда, 1992 жылы Қазақстан Президентінің «ҚР Әскери соттары мен әскери прокуратуралары туралы» қаулысымен ҚР Әскери соттары құрылды. Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қолдау туралы заң қабылданды. 1993–1994 жылдар аралығында облыс орталықтары мен үлкен қалаларда ҚР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен гарнизондардағы әскери соттар жұмысын бастады. 2009 жылы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери сот, 2016 жылы «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соттың Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті жанынан Әскери соттың әкімшісі» құрылды. Әскери сотты Сағитжан Тасмағамбетов, Айтмұхамед Төлеуханов, Серік Байбатыров, Сәкен Абдолла сынды білікті ағаларымыз басқарып, бүгінгі деңгейге жеткізуі жолында аянбай еңбек етті. Қазіргі күні ҚР Әскери сотына Жандос Мұсабеков төрағалық етуде.

– Қалай ойлайсыз, саладағы реформалар соттарға деген сенімді арттырып, тәуелсіздігін қамтамасыз ете алды ма?

– Судьялар сот әділдігін жүзеге асыруда тәуелсіз және Конституция мен заңға бағынады. Ішкі түйсігіне сүйеніп отырып, заңды шешім қабылдайды. Конституциямызда сот билігінің мемлекеттік биліктің бір саласы ретінде бекітілуі соттар мәртебесін айқындап берді. Судьяны Президенттің тағайындауы – оның тәуелсіздігіне кепілдік етеді. Судья ең алдымен заңмен жұмыс істейді. Оның басты міндеті заңды орындау.

– Егер заңда қателік болса ше?

– Заңдағы дұрыс емес нормалар құзырлы, заң шығарушы органдармен түзетіледі. Осы себепті, заңды басшылыққа алып, ішкі түйсігіне жүгіне отырып шешім қабылдайтын соттардың тәуелсіздігі жүз пайыз сақталатынына ешқандай күмән-күдік болмауы керек.

Сенім мәселесіне келсек, ҚР Жо-



Нұркен ЖЕКСЕМБИЕВ,
Алматы гарнизоны әскери сотының төрағасы:

«АТА-АНАСЫН ҚОРҒАЙ АЛАТЫН БАЛА ОТАНЫН ДА ҚОРҒАЙДЫ»

ғарғы Сотының бастамасымен сот билігіне ел сенімін арттыруда айтарлықтай тың жұмыстар атқарылуда. «Сот төрелігінің жеті түйіні» аясында соттардың жұмыс тәжірибесін оңтайландыру, азаматтарды негізсіз зуре-сарсаңға салудың алдын алу, соттарда жайлылықты арттыру, сот актілерінің сапасын жетілдіру, қоғам мен сот арасындағы тиімді қарым-қатынасты қалыптастыру шаралары қабылданды. Сонымен қатар, судьялық жас ұлғайтылып, үміткерлерді іріктеу тетіктері күшейтілді. Яғни, сот қызметін бағалаудың жаңа жүйесі енгізілді. Болашақ судьялар тізімі БАҚ-тар арқылы жарияланып, халық пікірі қаперге алынады. Үміткерлердің білім-білігі әр қырынан сыналады. Қатаң сыннан сүрінбей өткендер ғана судья бола алады. Елімізде судьялардың тәуелсіздігі мен әлеуметтік мәртебесі жоғары.

Бабалар дәстүрі бітімгершілік жолы, дауларды реттеудің баламалы тәсілдері жан-жақты дамытылды. Заман талабына сай ендірілген жаңа ақпараттық технологиялар жүйе жұмысын одан әрі оңтайландырып, қағазбастылықтан арылтты әрі сот ісін жүргізудің ашықтығын қамтамасыз етті. Сот істерін тиімді шешудің жаңа тетіктері қалыптасты. Бұл шаралар өз кезегінде еліміздің халықаралық рейтингтердегі позициясын жоғарылатуға септігін тигізді. Нәтижесінде Дүниежүзілік экономикалық форумның ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексінің «Сот тәуелсіздігі» индикаторында Қазақстанның көрсеткіші 43 позицияға жақсарды. Салада жүзеге асып жатқан реформалар сапалы қызмет пен әділ төрелік орнату мақсатын көздейді және олар өз нәтижесін беруде деуге толық негіз бар.

Оның салдары баланы елдік мәселелерде немқұрайдылыққа әкеледі. Оданы кейін жігіт болып жаратылған әрбір азамат денсаулығы жараса міндетті түрде әскерге баруы керек. Бүгінде әскер небәрі бір-ақ жыл. Кезінде әкелеріміз бен ағаларымыз әскери міндетін 3 жыл жүріп те өтеді. Біз бұл жерде басты нәрсені түсінуге тиіспіз, жігіттеріміз мықты болғанда ғана Қазақстанның армиясы мықты болады. Бұрын әскерге бармағандарға көзқарас төмен болатын. Қазір де осындай көзқарас қалыптастыруға тиіспіз. Әскерге барған бала бармаған қатарласынан бәрібір ерекшеленіп тұрады. Жастарымыздың шымыр, кез келген жағдайдан шыға білетіндей алғыр болуы тиіс. Әскер соған үйретеді.

– Әскери соттардың өзге соттардан қандай да бір айырмашылығы бар ма, өзіңіз қызмет ететін сот жұмысынан да жалпы жұртшылықты хабардар ете отырсыңыз?

– Ел азаматтарының барлығы әскери соттардың қызметін, олардың қандай және кімдерге қатысты істерді қарайтынын біле бермейтіні рас. Әскери соттардың құрылымының басты ерекшелігін тек әскери қызметшілерге, әскери басқару органдары мен бөлімдерге қатысты істерді қарайтындығымен байланыстыруға болады. Яғни, азаматтық істер бойынша тараптардың бірі әскери қызметші, әскери басқару органы немесе әскери бөлім, ал, қылмыстық істерде әскери қызметші болуы шарт. Бұдан әрі нақтыласам бұрынғы әскери қызметкер әскери тізімнен шығып кетсе де, оның

– Ең негізгі принциптердің бірі – ашық сот жүргізу. Сот процесінде судьялар өздерін дұрыс көрсетіп, әділетті болуға міндетті. Абыройлы қызметке сай екендігін судья өзінің әрбір ісімен, әділ шешімдерімен дәлелдеп отыруы керек. Сотталушылар судьяның өзін тыңдауын, айналасындағылардың өзіне түсіністікпен қарауын талап тұрады. Осындайда соттың ашық өтуі кереғар пікірлерге тосқауыл болады. Біздегі сот билігін жүргізу халықаралық нормаларға сай. Заңмен берілген құзыреттің өзі судьяға үлкен міндеттер жүктейді. Адам тағдыры бар жерде міндет өте кіршіксіз орындалуы талап етеді.

– Осы сотта бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс қай деңгейде?

– Судьялардың V съезінде Бұқаралық ақпарат құралдарының күш-жігері арқылы қоғамда сот билігіне жағымды және ілтипатты көзқарас қалыптастыру керектігі айтылған болатын. Себебі, қоғамдық пікір қалыптастыруда БАҚ-тың ықпалы зор. Сот әділдігін жүзеге асыруда атқарылған жұмыстарды ашық көрсету үшін сот органдары мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері арасында тығыз қарым-қатынас орнаған. Судьялар БАҚ өкілдеріне арнап брифинг, баспасөз конференцияларын өткізіп, сұрақтарға жауап беруге барлық уақытта дайын. Өйткені, сот нақты ақпарат алатын орган. Осыған орай, сот саласының алдына ақпараттық ашықтықты арттыру, жұртшылық және БАҚ-пен жұмысты күшейту міндеттері қойылды. Саладағы реформалар тура-

қандай да бір сотқа қатысты бар ісі әскери сотта қаралады. Алматы гарнизоны әскери соты аудандық соттың деңгейінде болса да дәрежесі одан жоғары. Себебі, қарауымызға екі облыс Алматы мен Жамбыл, сонымен қатар, Қапшағай, Талдықорған, Гвардейск, Сарыөзек Ұшарал, Қордай, Алматы гарнизондары кіреді. Яғни,

– Отбасы шағын мемлекетке теңе-қандай да бір сотқа қатысты бар ісі әскери сотта қаралады.

«Отан отбасынан басталады» дейміз. Осы мәселедегі кемшіліктің бастауын отбасынан іздемеске амал жоқ. Ата-ана баласын елдік рухта тәрбиелегенде ғана жастарға сенім арта аламыз. Бала кез келген жағдайда әке-шешесін қорғай алатын деңгейде болса, онда ол Отанды да қорғайды. Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының «Жауынгерлік тәрбие әскери киімде емес, жөргекте жатыр» деуі бекер емес. Демек, баланың елге-жерге деген сүйіспеншілігі отбасында қалыптасады. Осы тұрғыдағы тәрбие ақсап жатқан сынды. Оның салдары баланы елдік мәселелерде немқұрайдылыққа әкеледі.

географиялық жағынан ерекше. Бірінші сатыда азаматтық және қылмыстық істерді қараймыз. Өз қызметімізде Ата Заңмен бекітілген қағидалар мен конституциялық және процессуалдық заңдарды басшылыққа аламыз. Жеке құрамға байланысты азаматтық және әскери қызмет туралы заңдарды қолданамыз. Айта кетерлігі, қазіргі таңда сотта тәжірибелі судьялар Дихан Әлиасқаров, Даниял Баймақұлов, Қанат Естай, Ралат Болатқан, Ержан Абдуллин қызмет етеді.

– Соттың негізгі принципі ретінде неіі атар өңіңіз?

лы кез келген журналистке маңызды әрі қызықты тақырыптар жетерлік. Жаңа заңдар қабылдануда, соларды судьялар мен заңгерлер көмегімен халыққа түсіндіріп жазар болса, ел азаматтарының құқықтық сауаттары көтерілер еді. Сот билігі мен БАҚ қарым-қатынасының үйлесімді болуы екі жаққа бірдей байланысты. БАҚ-пен байланыс орнату сот жүйесі үшін ғана емес, күллі қоғам үшін маңызды.

– Сіздің ойыңызша, басшының ең басты міндеті қандай болуы керек?

– Басшы біріншіден, өзінің лауазымды міндетін мінсіз атқаруы, екіншіден, адамгершілік қасиетін жоғалтпауы керек деп ойлаймын. Осы қасиеттерді бойына мықтап сіңірген басшының кателікке жол бермесі анық.

– Елдің, қоғамның құрметіне қалай ие болуға болады, яғни, оған бізді не жеткізеді?

– Халық ықыласына ие болудың жалғыз жолы – адал еңбек. Ал, судьяның адал еңбегі заңдылықты қалпына келтіретін әділ шешімдер. Халқымыз «Сыпайылық – сыйынды арттырады, кеңдік – құрмет туғызды, шыншылдық – сенімге жеткізеді» демей ме? Осы қасиеттерді өз бойына тоғыстыра білген жандардың халық құрметінен тыс қалмасы сөзсіз.

– Еліміздің бас заңы Конституцияға қатысты да ойыңызды айтсаңыз.

– Конституция еліміздің ең негізгі құқықтық бас құжаты. Сондықтан, оның талаптарын білу, біліп қана қоймай құрметтеу әрбір қазақстандықтың міндеті. Қазақстан халқының бірлігіне жол бастаған Ата Заңда бекітілген республикамыздың тұғырлы қағидалары бүгінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Қазақстанның халықаралық қоғамдастықта лайықты орнын алғаны осының айғағы.

Сұхбаттасқан
Т.СМАҒҰЛҚАСЫН

КІЕ

ТІЛ – ТІРЕГІМІЗ

Мемлекеттік тілдің мерейін өсіру, мәртебесін көтеру баршамызға міндет. Тілге деген көзқарас, шыңдап келгенде елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан, оған бейжай қарамаймыз.

Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын қатайтты. Мемлекеттік тіл мемлекеттің тұтас аумағында, заңдық мәртебесі мемлекеттегі басқа тілдерден ең жоғары бекітілген тіл. Қазақ халқы көшіп-қонып жүрсе де барлық жиған тіл байлығын, күй мен жырын бізге аман

жеткізді. Сол байлықты кейінгі ұрпаққа саф алтындай сақтап жеткізу біздің парызымыз.

Бүгінде мемлекеттік тілді дамытуға, халықтың мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне барлық жағдай жасалынған. Ал тілдің тағдыры тек мұнымен шектелмейді. Қазақ тілін

қажет тілге айналдыру тек «Қазақ тілі» қоғамына, жергілікті жердегі тілдерді дамыту басқармаларына ғана емес, біздің бәрімізге, еліміздің әр азаматының ынтасына тікелей байланысты. Тілге қатысты көп сөзден гөрі айқын да нақты істер керек.

Қазіргі кезде соттың іс қағаздары толығымен мемлекеттік тілде жүргізілуде. Барлық сот қызметкерлері мемлекеттік тілді жетік меңгерген. Мемлекеттік мекемелерден келген хат-хабар алмасулар, ілеспе хаттар, ішкі қызмет тілі, барлық жұмыс жоспарлары, БАҚ-қа шығатын мақалалар, ұйымдастырылатын іс-шаралар толығымен

мемлекеттік тілде жүзеге асырылады. Автоматтандырылған құжат алмасу мен сот өндірісінің «Төрелік» ақпарат жүйесін мемлекеттік тілде жүргізу бірыңғай жолға қойылған.

Тілдің беделін көтеру, оның арын арлап, жоғын жоқтау, олқысын толтыру өзімізге байланысты, бұл істің нәтижелі болуы сіз бен біздің қолымызда. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде екенін ұмытпайық!

Д.УРИНГАЛИЕВА,
Қазталов аудандық №2 сотының бас маманы-сот мәжілісінің хатшысы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

МИНБЕР

СУДЬЯ – ӘДІЛДІК АЙНАСЫ

Қазақстан жер көлемі жағынан әлемде алдыңғы он елдің қатарына кіргенімен, алпауыт мемлекеттермен салыстырғанда да, тарих өлшемімен алғанда да әлдеқайда жас мемлекет. Дамуы елдердің экономикалық ахуалы, әлеуметтік жай-күйі және құқықтық тәртібі мемлекеттің қызмет бағыты мен мақсаты – оның әділ сот төрелігінен көрініс табады.



Елдегі азаматтардың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету құқықтық мемлекеттегі басты мәселе. Бағзы замандарда қара қылды қақ жарып әділ шешім шығаратын, елдің елдігін биік қоятын билер өмір сүрген. Сол кездегі билердің жұрнағы – бүгінгі сот өкілдері. Елдің арасындағы бүлікшілікті болдырмауды алдына мақсат еткен судьялар әрқашан да әділ болуы керек.

Сот төрелігі – қоғамда туындайтын қатығыстарды шешудің, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, азаматтық қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғаудың ең сенімді және өркеніетті тәсілі.

Ал осы сот саласын дамыту, халықаралық талаптарға жақындату мақсатында қолға алынған жаңашылықтар аз емес. Соның бірі – тергеу соты институты. Тергеу судьясы түсінігі алғаш 2015 жылы Қылмыстық процесстік кодекстің қолданысқа енгізілуімен тәжірибеге енген. Оған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының бастамашы болғаны белгілі. Сот саласында қолға алынған жаңашылықтың бәрі халыққа тиімді қызмет көрсетуді, ел мен сот арасындағы байланысты нығайтуды көздейді.

Тергеу соты қорғаушы мен айыптаушы тараптардың арасындағы теңгерімді сақтайтындықтан, қарапайым азаматтардың өздерін қорғаудағы мүм-

кіндігі де кеңейе түсті деп сеніммен айтуға болады. Тергеу судьялары жұмысын бастағаннан бері өз қызметінің тиімділігін, азаматтарға қолайлы екенін байқатты.

Қазақ халқының басынан өткеретін сан қилы өмір өткелдері, қоғамда кездесетін әділетсіздіктер, әрине, сотқа жүгінуді талап етеді. Әділдік іздеп шарқ ұрған жанға жанашырлық танытып, өзегін өртеген мәселесін әділ шешіп беру – әрбір судьяның абыройлы борышы, қастерлі ісі.

Сот ісінің жүйелілігі, бірқатар айшықты қағидалар мен нормаларды қалыптастырып, соттың мәртебесін биіктетеді. Өркеніетті елдің елдігін көрсететін де – сот төрелігінің әділдігі. Олай болса, судья адамгершілігі мол, түсінігі терең, болмысы мықты, елін сүйетін, әр адамды үлкен тұлға деп бағалайтын, өресі биік көзі ашық азамат болуы керек.

Сот жүйесінің әділ болуы – азаматтық қоғамды қалыптастырып, құқықтық мәдениет пен сананы биіктететін және қазақ елін келешекке жетелейтін, ертеңінен үлкен үміт күттіретін құқықтық мемлекетке айналдыратынына кәміл сенемін!

М.ТҮРҒАНБАЕВ,
Қызылорда қалалық
мамандандырылған тергеу
сотының төрағасы

БІТІМ

МӘМІЛЕГЕ КЕЛТІРУ МЕХАНИЗМДЕРІ КӨПКЕ МӘЛІМ

Елімізде даулы мәселелерді ушықтырмай, сотқа дейін жеткізбей-ақ тараптарды ортақ мәмілеге келтіру механизмдері бекітілген. Тараптарды бітімге келтіруші бейтарап медиаторлардың жұмысы қазір көпшілікке мәлім. Дау-жанжалды сотқа дейін шешу – уақытылы әрі қажетті үдеріс. Осыған орай адам өмірінің түрлі салаларындағы даулардың барлық түрін бейбіт жолмен реттеу тәсілі ретінде медиацияның көмегін насихаттау, Қазақстанда бұл рәсімді ілгерілету, дамыту басым бағыт болып табылады.

Медиация – үшінші бейтарап көзқарасты ұстанатын медиатордың қатысуымен дау-жанжалдарды шешудің балама әдісі. Ол екі жақтың еріктілік, құпиялылық, тең құқылығын сақтай отырып, тараптардың өзара тиімді бітімге келуіне жол ашады. Заң жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан, сондай-ақ, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар бойынша сот ісін жүргізу барысында қаралатын дауларды шешуде қолданылады.

Мәселені шешу жолын таңдау еркіндігін, адам құқықтарын қорғаудың жаңа мүмкіндігін берді. Сондай-ақ, бұл заң азаматтық қатынастың заманауи формасын қалыптастыруға, мәселелерді конструктивті диалог арқылы шешу сияқты зайырлы қоғамға тән мүмкіндіктер ұсынуымен құнды. Қаржы үнемдеуді былай қойғанда, медиатордың көмегімен мәселені бірнеше сағаттың ішінде шешуге болады. Яғни, медиация уақыт үнемдеудің тиімді тәсілі. Әрі консенсуске келу арқылы тараптар арасындағы қарым-қатынасты сақтап қалу ықтималдығы жоғары. Көріп отырғанымыздай, медиация институты азаматтық қоғамды қалыптастырудың, дамытудың тетігі. Себебі, мәселені сотқа жеткізбей шеше алу – адами құндылықтар мен көзқарасты жаңа деңгейге көтерудің айқын көрінісі.

Ең бастысы, медиатордың бейтараптығы процедураға араласуға жол бермеушілік принциптерімен ерекшеленеді. Бір-біріне талап қоюшы тараптар сотқа дейін де, сот барысында да медиаторға жүгінудің арқылы өзара тиімді мәмілеге келе алады. Қорыта келгенде, «Медиация туралы» заңның қабылдануы өркеніет көшіне батыл бет түзеген біздің қоғамымызда оң өзгерістердің жүзеге асырылып жатқандығының айқын көрінісі.

У.АЙТЖАНОВА,
Мұғалжар аудандық сотының судьясы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ЖЕГІҚҰРТ

1998 жылы «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» заң қабылданды. Одан кейінгі жылдары заңға талай мәрте өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, уақыт сұранысына сай жаңғыртылды. Ал 2015 жылы бұл заңның орнын «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң басты. Одан бөлек, жыл сайынғы Мемлекет басшысының жолдауынан да жемқорлықпен күрес мәселесі қалыс қалған емес. Яғни, жемқорлықтың жолын заң арқылы кесіп, жемқорларға жазаны қатайтуға, қоғамның қарсылығын оятуға үнемі көңіл бөлініп келеді.

ТҮПКІ МАҚСАТ – СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТАН ТАЗА ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Осы орайда сот жүйесі де жемқорлықпен күрес мәселесін назардан тыс қалдырған емес. Сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бүкіл судьялар корпусы мен сот жүйесі қызметкерлерінің басты ұстанымына айналып отыр. Күнделікті қызмет барысында сыбайлас жемқорлықпен күрестің жеке жоспарларын түзіп, судьяларымыз бен сот мамандары арасында да жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейін арттыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту мақсатында семинарлар өткізіліп, мемлекеттік қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру жұмыстары үнемі қадағаланады. Соңғы жылдары салаға енгізілген сандық технологиялар да ең алдымен сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған. Осы ретте сот жүйесі қызметінің ашықтығы, жұртшылыққа қолжетімді болуы, анықтығы мен жариялылығы-

ның маңызы зор. Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттік қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар тарапынан көрініс табуы мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қоғамда билікке, сот әділдігіне деген сенімсіздік тудырады. Сондықтан салада сыбайлас жемқорлық деректерін болдырмау басты мақсат.

Сыбайлас жемқорлық деректері барлық салаға кері әсерін тигізіп, әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Сондықтан Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып отыр.

Биылғы алты айдың өзінде елімізде 1 200 сыбайлас жемқорлыққа қатысты іс қозғалып, 750 лауазымды тұлғаның



Жанат ӘБЕНОВА,
Әуезов аудандық сотының
төрағасы

қылмысы әшкереленді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жылдың басында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде өткізген кеңесте «Түпкі мақсат – сыбайлас жемқорлықтан таза қоғам қалыптастыру. Жемқорлықты жою үшін оған бүкіл ел болып қарсы тұруымыз керек. Оған қоса заңнамалық шаралар қабылдауға тиіспіз. Сонымен бірге, жемқорлыққа қатысты қылмыстарды анықтау және ашу жөніндегі жұмыстарды күшейту қажет. Сонда ғана жемқорлықпен танды түрде күрес аламыз. Жемқорлықпен күреске бүкіл қоғамды жұмылдыру керек. «Жемқорлық – індет, онымен күресу – міндет» деген қағида ны жұрт санасына орнықтыру барлық мемлекеттік органның ортақ жұмысы. Бұған бір реттік науқан ретінде қарамау керек» деген болатын. Демек, алдағы уақытта да сыбайлас жемқорлықпен күрес күшейтіле береді.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ӘДІЛЕТ

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ЗАҢМЕН ҚОРҒАЛАДЫ

Зияткерлік меншік жүйесі дамыған қоғамда материалдық және рухани құндылықтар қатар әрі маңызды рөл атқаратыны мәлім. Сол құндылықтардың иесі адам ойлау, шығармашылық, ғылыми және мәдени туындылар жасау қабілетімен ерекшеленіп, рухани хәм зияткерлік қор негізін құрайды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап, дүниежүзілік қауымдастықтың толыққанды мүшесі болып, халықаралық қатынастарда өзіне сәйкес құқықтар мен міндеттерді қабылдап отыр. Соған сәйкес зияткерлік меншік құқығына қолсұғудан Азаматтық кодексі, Кәсіпкерлік кодексі «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Патенттік туралы», «Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы» заңы қорғайды.

Зияткерлік меншік объектілерінің жекелеген түрлерін қорғауға арналған заңнама әртүрлі нормативтік құқықтық актілер ауқымын білдіреді. Нормативтік құқықтық актілер рәсімдік, әкімшілік-құқықтық, қылмыстық-құқықтық, зияткерлік меншік нысандарында азаматтық құқықтардың пайда болуы мен іске асыруға арналған.

Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан зияткерлік меншік құқығы саласын дамытуға жоғары деңгейде көңіл бөлінуде. Өйткені, дүниежүзілік қауымдастықтың талаптарына жауап беру секілді маңызды мемлекеттік мақсаттарды жүзеге асыруда авторлық және сабақтас құқықтар мен өнеркәсіптік меншік саласындағы құқықтарды қорғау маңызды факторлардың бірі болып табылады. Жалпы, өнеркәсіптік меншікке – өнертапқыштарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге арналған патенттер, тауар белгілері, көрсетілетін

қызмет белгілері, фирмалық атаулар және тауар шығарылған жер немесе оның атаулары жатқызылады.

Өнеркәсіптік меншік интеллектуалды меншіктің құрамдас бөлігі. Кез келген азаматтың зияткерлік меншік объектісі конституцияға сай заңмен қорғалады. Біздің елімізде Қазақстан азаматтарымен қатар шетел азаматтарының да зияткерлік меншік құқығы заң алдында тең дәрежеде қорғалады. Сонымен қатар, Қазақстан азаматтарының зияткерлік саладағы жетістіктері ұйымға мүше мемлекеттердің барлығында бірдей қорғалады.

Азаматтардың зияткерлік меншік құқығын қорғау арқылы мемлекет олардың шығармашылық өрісінің дамуына және сол арқылы ел экономикасының дамуына қолайлы жағдай жасайды. Зияткерлік меншік құқығын қорғау мәселесі бойынша тауар таңбасының құқықтық иелері, авторлар және өнертапқыштар өз құқығы бұзылған жағдайда сотқа немесе Әділет министрлігінің зияткерлік меншік департаментіне, аумақтық органдарына арыздануына құқылы.

Қорыта келгенде, зияткерлік меншік жүйесі қалыптаспаған және зияткерлік меншікке қолдау көрсетілмеген мемлекет әрқашан экономикалық, мәдени, саяси, әлеуметтік және өнеркәсіптік салалар бойынша басқа елдерге тәуелді болып қалады. Сондықтан қоғамның әрбір мүшесі жоғарыда көрсетілген заңдарды толық түсініп, зияткерлік меншік объектілерін заңсыз пайдаланбауы керек. Қоғам зияткерлік меншік объектілерін заңсыз пайдаланудан бас тартса, зияткерлік меншік иелеріне қолдау көрсетіп, мемлекет экономикасының және мәдениетінің дамуына септігін тигізеді.

Еркебұлан ЖЕТПІСБАЕВ,
Алматы қаласы әділет департаменті
зияткерлік меншік құқықтары
бөлімінің басшысы

ШАРА

МАС ЖҮРГІЗУШІМЕН КҮРЕС ОРТАҚ

Мас күйінде көлік құралдарын басқару мәселесі әлі де өзекті болып отыр. Жүргізушілер алькогольдік масау жағдайында көлікті тізгіндеудің өз өміріне ғана емес, айналасына да қатер төндіретінін түсінбей келеді.

Жауапсыз жүргізушілердің кесірінен жол апаты жиілеп, одан зардап шегушілер саны артқандықтан, көлік руліне мас күйінде отырғандарға берілетін жаза қатаңдатылған болатын. Жүргізушінің әрекетінде қыл-

мыстық іс-әрекет болмаса, жеті жыл мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыра отырып, 15 тәулікке әкімшілік қамақ белгіленеді. Ал осы құқық бұзушылық жаза мерзімі аяқталғаннан кейін бір жыл ішінде қайта жасалса, кінәлі адам бес жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Сонымен қатар, қателден сабақ алмаған жүргізуші өмір бойы көлік жүргізу құқығынан айырылады.

Жол қозғалысының барлық қатысушыларын көлік жүргізудегі маскүнемдікке қарсы күреске қосылуға, бейжай қалмауға және осы фактілер бойынша құқық қорғау органдарына хабарлауға шақырамыз. Есіңізде бол-

сын, қырағалық адам өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді. Өйткені, сіздің балаларыңыз, туыстарыңыз, достарыңыз және жақын адамдарыңыз мас жүргізуші кесірінен зардап шегуі мүмкін. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері мұндай ақпаратты алған кезде жедел әрекет етеді және мас жүргізушілерді ұстап, қауіп-қатердің орын алуына жол бермейді.

Е.МУСЕНОВА,
Шахтинск қалалық әкімшілік
құқық бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған
сотының кеңес меңгерушісі
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

ТУЗЕУ МЕКЕМЕСІ

КӨКЕЙКЕСТІ

ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТАРДАН КЕЛГЕН ШЫҒЫН – 7 МАРД ТЕНҒЕ



КАРТОП ІШІНДЕГІ ТЕЛЕФОН

Қылмыстық атқару жүйесіне қарасты №68 мемлекеттік мекемесінде жедел бөлім мен РЖ-КБ-нің қызметкерлері сотталғандарға туыстары әкелетін заттарды қатаң тексереді. Соған қарамастан, заңды айналып өткісі келетін азаматтар тыйым салынған заттарды өткізіп жіберуге барын салады.

Мәселен жақында тергеу қамауындағы 1993 жылғы азаматқа әкелінген сөмкеден тыйым салынған зат анықталды. Сол күні сәлем-сауқат бөлмесіне келген Б. есімді азамат уялы телефон жабдықтарын картоптың ішіне салып өткізіп жібермек болған. Қырағы жігіттер бұға піскен картоп ішінен 1 дана «Beelin» сим картасы мен 1 дана ақ түсті USB шнурын тапты.

Бұл іс бойынша бөлім қызметкерлері дер кезінде ӘҚБТК-нің 481- бабы 1-бөлігіне сәйкес хаттама толтырып, істі сотқа жолдаған болатын.

Бүгінгі таңда сот қаулысы бойынша Қызылорда қаласының 1994 жылғы азаматы кінәлі деп танылып, оған әкімшілік жаза тағайындалды.

Қылмыстық атқару жүйесіне қарасты №68 мемлекеттік мекемесінің баспасөз қызметі

Қылмыстық іс-әрекеттерін жүзеге асыру үшін интернеттің мүмкіндігін оңтайлы пайдаланып жүрген алаяқтардың әдіс-тәсілдері күн сайын өзгеріп, жаңаруда. Әсіресе, әлеуметтік желілерді пайдаланып, жалған хабарландырулар орналастырып немесе аккаунт пен арнайы бет ашып, сайт жасау арқылы сауда жасау және қызмет көрсету, сондай-ақ, өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, жеке деректерді иемдену және бөтен біреудің атынан онлайн-несие рәсімдеу арқылы жасалатын қылмыстар саны күннен-күнге көбеюде.

ҚР ІІМ соңғы ақпаратына сүйенсек, жыл басынан бері елімізде 12 мыңға жуық интернет-алаяқтық тіркеліп, осы қылмыстармен келтірілген шығын 7 млрд теңгеге жеткен. Осы аралықта 571 интернет-алаяқ ұсталып, 17 ұйымдасқан қылмыстық топ жойылған.

Интернет алаяқтық қазіргі қоғамның ең өзекті әрі маңызды мәселесіне айналып, қолында компьютер, смартфон, планшеті бар адамның кез келген уақытта ақпараттық жүйенің, соның ішінде алаяқтар құрбанына айналу мүмкіндігі артауда.

ҚР Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 29 маусымдағы № 6 «Алаяқтық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» нормативтік қаулысының 9-тармағына сәйкес, ақпараттық жүйені пайдаланушыны Qiwi-кошелек, интернет-банкінг және т.б. арқылы алдап, өзінің қылмыстық ниетіне іске асыру мақсатында ақпараттық жүйеде көрінеу жалған мәліметтерді немесе бағдарламаларды орналастыру жолымен ақпараттық технологиялар арқылы жасалған, ақпараттық жүйені пайдаланушының мүлкін немесе мүлікке құқығын иеленуіне бағытталған әрекетті алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен жасалған алаяқтық деп тану қажет.

Аталған іс-әрекеттер ақпараттық жүйеге немесе телекоммуникация желісіне заңсыз қол жеткізумен ұштасқан жағдайларда өзгеше сараланады. Яғни, компьютерлік ақпаратқа заңсыз қолжеткізу нәтижесінде ЭЕМ жұмысы, ЭЕМ жүйесі немесе олардың желісі жойылса, түрлендірілсе не бұзылса, мұндай әрекеттер ҚК-нің 190 және 205 немесе ҚК-нің 190 және 206-баптарымен қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша саралануға жатады.

Әсіресе, суранысқа ие Instagram әлеуметтік желісінде кімнің ақ, кімнің алаяқ екенін ажырату өте қиын. Мына бір әлеуметтік желі арқылы әшкереленген дерекке тоқталсақ, яғни, күдіктілер пошта тасушымыз деп жалған сылтаумен адамдармен кездесіп, әңгімеге тартып, оларды суретке түсіріп, сосын сол адамның атына мүліктік онлайн-несие рәсімдеген. Сөйтіп 750 мың теңгені қалтасына басқан күдіктілер тұтынушылардың

сеніміне қалай кіру керектігін ғана емес, онлайн-несиенің қыр-сырын да мықты меңгеріп алған.

ҚР Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 24 қаңтардағы №1 «Бұлтартпау шараларын санкциялаудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 9-тармағына сәйкес, «Күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялауға сот адамға қылмыс жасады деп күдік келтіру негізділігін тексергеннен кейін жол беріледі. Осыған байланысты қылмыстық қудалау органының өтінісхатында және оған қоса тіркелген материалдарда дәл осы адам қылмыс жасағанын айғақтайтын мәліметтер болуға тиіс.

Негізді күдік деп нақты адамның қылмыс жасауы мүмкін екендігін куәландыратын нақты деректер жиынтығын түсіну керек. Мұндай нақты деректерге: адам қылмыс жасаған кезде немесе тікелей оны жасағаннан кейін ұсталған; жәбірленуші немесе куәгер-

лер осы адамды қылмыс жасады деп көрсеткен; осы адамда немесе киімінде, тұрғынжайында қылмыс іздері табылуы тиіс. Адамға қылмыс жасады деген күдік келтірудің негізділігін тексеру кезінде тергеу судьялары қылмыс оқиғасының шын мәнінде орын алғанын, қылмыстық құқық бұзушылық құрамы белгілерінің бар-жоғын және оны осы адамның жасауы ықтималдығын көрсететін жеткілікті деректердің бар-жоғын ескеруі қажет.

Бүгінгі күні, алаяқтық қылмыстың ашылуы жоқтың қасы. Ал бірен-саран ашылған қылмыстар бойынша күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беруге байланысты мәселелерді шешкен кезде, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының дәлелдемелерін, яғни хаттамалар, жәбірленушінің, куәлердің жауабы, беттесу хаттамалары тағы басқа дәлелдер жиынтығы негізге алынады. Содан кейін жоғарыда көрсетілген нормативтік қаулының талабына сай, күдіктіні күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялайды.

Алайда, тергеу судьясы дәлелдер жиынтығын саралаған кезде, интернет-алаяқтардың қылмысқа тікелей қатысы бары, оны дәлелдейтін әрекеттері ретінде жәбірленушінің немесе куәгерлердің осы адамды қылмыс жасады деп тікелей көрсетуі сияқты дәлелдемелердің болуын ескеруі шарт. Сонымен қатар, күдіктіге күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасына балама ұйқамақ, кепіл түріндегі және тағы басқа бұлтартпау шараларын қолдануға болады.

**М.РЫСЖАНОВ,
Шахтинск қалалық сотының судьясы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ**

ЖАРНАМА

МҰРАГЕРЛІК

2. 2022 жылы 4 қыркүйекте қайтыс болған азамат Бактыбай Джумагазиев Алпырвичтың артынан мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Атырау қаласы, Авангард-3 ықшамауданы, 75 үй, 5 кеңсе мекенжайы бойынша нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз.

ӨРТҮРЛІ

3. Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050016, Алмалы ауданы, Шевченко көшесі, 90 үй, 103А кабинет мекенжайында орналасқан «W INVEST» арнайы қаржы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік емес эмиссияны орналастыру бойынша келесі ақпаратты хабарлайды:
– бағалы қағаздар (облигациялар);
1. Мемлекеттік емес облигацияларды мемлекеттік тіркеу күні: 11.10.2021 ж.
2. Облигациялардың түрі: дисконттық, бөлінген активтермен қамтамасыз етілген, 152 500 (жүз елу екі мың бес жүз) дана, ISIN: KZ2P00008121 номиналды құны 42 000 (қырық екі мың) теңгені ескере отырып бір бағалы қағазға жеңілдікті есепке алу арқылы жүзеге асырылады.
3. Облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру мерзімі инвесторлардың эмитентке берген жазбаша өтініштері негізінде жазылу арқылы күнтізбелік 30 күнді құрайды, облигацияларды төлеу тәртібі мен мерзімдері сатып алу-сату шарттарында және эмитент инвестормен жасасқан облигацияларды сатып алу.
4. Эмитенттің лауазымды тұлғалары және облигациялар шығарылымының проспектісімен танысуға болатын орналасқан жері туралы мәліметтер: «SFC W INVEST» ЖШС директоры Алдоңғаров Бауржан Сейітжанұлы, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050016, Алмалы ауданы, Шевченко көшесі, 90 үй, кеңсе 103А.
5. Бағалы қағаздарды төлеу бағалы қағаздарды сатып алу-сату шартына қол қойылғаннан кейін банктік аударым арқылы жүзеге асырылады.

9. «Партизанское-1» ЖШС (БСН 990540005220) барлық қатысушыларға кезектен тыс жалпы жиналыстың өтетіндігін хабарлайды.
Жалпы жиналыс мына мекенжай бойынша өткізіледі: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Партизанқа ауылы, «Тойхана» ғимаратында. Жалпы жиналыстың өтетін уақыты: 28 қазан 2022 жыл, сағат 13:00-де. КҮН ТӨРТІНДІ: Ауданы жеті жүз жетпіс тектар жер учаскесінің бөлігінен бас тарту. Ескерту: Серіктестіктің қатысушысы екендігін растайтын құжат болу керек!

4. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының (МАЭС) 22.9.2022 жылғы нұсқамасымен Corona Astana («Корона Астана») ЖШС, БСН 130940005207, қатысты оналту туралы іс қозғалды. Талап-шағымдар Астана қаласы, Тұран даңғылы, 21 мекенжайында қабылданады.

5. «Премиум Темирломбард» ЖШС, БСН 200840015414, ерікті түрде 2021 жылғы 26 наурыздағы №07.21.0012.Л. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу мен дамыту агенттігіне микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішпен жүгінгендігі туралы хабарлайды.

6. «Титанит Ломбард» ЖШС, БСН 101240017084, 16.3.2021 жылғы № 02.21.0022.Л. микроқаржы қызметі үшін қолданылатын лицензиясының әрекетін тоқтатқаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Жетісу ықшамауданы, 1 үй, 17 пәтер. Тел.: 87089713718.

7. «Ecofish Products» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі, БСН 1409400020857, өзінің Жауапкершілігі шектеулі серіктестік ретінде қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қаласы, Марков көшесі, 61/1 үй, 301 кеңсе. Тел.: 8-701-713-5566.

ТАРАТУ

8. «ЕС Транс» ЖШС, БСН 150440003404, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Нұрлы Тау ықшамауданы, 23 көшесі, 4 жақтау, 8 үй. Тел.: +7 707 018 76 35.

«Алға-К» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі, БСН 160940004185, тіркелген күні 06.9.2016 ж., өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талаптар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 120309, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, М.Нәлібаев ауылдық округі, Ақжол ауылы, Абай Құнанбаев көшесі, №5 үй, тел.: 87789597303.

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғмыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА: 6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 3638,40 ТЕНҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 7276,80 ТЕНҒЕ

ОБЛЫСТАРҒА: 6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 3844,80 ТЕНҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 7689,60 ТЕНҒЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА: 6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4538,40 ТЕНҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9076,80 ТЕНҒЕ

ОБЛЫСТАРҒА: 6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4744,80 ТЕНҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9489,60 ТЕНҒЕ

zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalydybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривоносова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ша/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметжанов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-07-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87054422939.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУАҒА!

(Соңы. Басы газеттің №76 санында)

Отыздағы жігіттің болжамы дұрыс екен, Айна шынымен де менің жарым болсын дейтін қыз болып шықты, үйді таза ұстайды, тамақтың да бабын біледі, палауы да өзбегінен кем емес. Тек соңғы оқиғадан кейін бұған сенімсіздікпен қарайтындай. Бұдан көңілі суығандай. Жанары да бұрынғыдай жарқырап тұрмай, әлдебір үрей жасырынған ба... Қай жерден сезік тудырды екен? Қай кезде секем алып үлгерді?

Ол оқиғаның болғанына да жарты айдай болып қалған еді.

Күн таңмен бұлтанып, жанбыр жауып тұрды. Көшеде қолшатырлар пайда болды. Жоқ, бұл күндері оның қиялы біреулер сияқты мұңға батып, не езіліп төсектен тұрмай жататын мінезі жоқ. Бұлтты күн оны әлдебір құпиясына ынтықтырып, алда болатын бір қызықтан үміттендірер еді. Бұл күні оның жаны қуанады, жаңбырлы күндер өзіне жағымды болса ашық күндерді сағындығын не керемі бар. Осындай күнгі таңда көлікпен көшеде жүргенді ұнатады. Әсіресе, күзде тамшы бүркіген терезеден салқын мен жаңбырдан қорғанған жұртты тамашалап келе жатқанның өз рахаты бар. Бұндай күні жерге жиналған қакты да, жанбырға малшыған адамды да бір ренкте көруге болар еді.

Жұқа күрте киген әйел сөйлемпаз екен, өзінің кеше ауа райы болжамын қарамағанын, шыққан мезетте жанбыр жауып тұрғанын көріп пәтеріне қайта кіріп қолшатыр ала шыққанын, жолға шығып бара жатып бірденені ұмытып кеткенде қайта кіргенді жаман ырым деп санайтынын ауыз жаппастан айтып жатты.

«Шынымен де жаман ырым болуы мүмкін» деп ойлап отырды жігіт. Осы адамдар алдындағысын қалай болжап біледі екен? Көлігін қала сыртына қарай бұрған кезде музыканы бақыртып қойды. Телефонның шұқылап отырып қай бағытқа кетіп бара жатқанын байқамаған әйел бір кезде басын көтеріп, жігіттің бетіне қарады.

– Сіз қай жаққа жүріп кеттіңіз?

– Алаңдаманың, апарамын. Ана жақтағы жолды жөндеп жатыр. Айналып өтеміз. Әйел оның жүзіне таңырқағандай бір қарады да қайтадан телефонына үңілді. Телефонны оны қымбат еді. Жігіт бір демде бір қолымен әйелдің желке тұсынан алып, екінші қолымен аузын жаба қойды.

Заты әйел болғанымен қайратты екен, алыса кеткенде бұған әл бере қоймады. Арпалысып жатып ізбадан әлде қорыққаннан жылап жатты. Бұл өзі жылаған адамды жек көреді. Жылайтын қараканды қорқақ, әлсіз адамдар деп ойлайды. Жылайтын адамдарды одан сайын ұрса, айызы қанғанша сабаса, азаптаса обалы жоқ деп білетіндіктен жалынып, жылаған әйелді аяусыз ұра берді. Мұның бала күнінде қол-аяғы сіресіп, сал болып қалған әкесі дәл осы әйелдей жалыншты жылайтын, сол кезде шешесі оны сабайтын. Оған тамақ берерде «аузыңды аш» деп ақыратын. Әкесі аузын ашқанда шешесі дәмсіз, құрғақ ботқаны үсті-үстіне тыққылап, ғаріп адам оны жұтып үлгермей қақалып жатса да шешесі «же, же» деп қақыты оның өңешіне тыға жаздайтын. Сол кезде әкесі көзінен жасы парлап үнсіз жылайтын. Оның осы ұсқынын көрген сәтте баланын жаны түршігіп әрі жүрегі қатты дүрсілдеп не істерін білмейтін. Сол кезде шешесі жылағаны үшін әкесін мұның көзінше тағы ұрып-соғып, тепкілейтін. Әкесінің жылағанын көрген сайын бұл одан алыстайтын болды, келе-келе жылайтын адамдарды жек көріп кетті. Жылайтын адам көрсе шешесі сияқты сабағысы келіп тұратын болды.

Бұл бар күшін салып әйелді өз шарфымен буындырғанда тыпырлап, қорқырап барып әрең дегенде жан тапсырды. Қолдары құрысып қалғандай болды, әрірек барып лоқысы алды. Жансыз денені жоқ жиегіне итеріп түсіріп кеткен кезде аласұрған көңілін қайғы басып, әлдебір қасірет сезін-



ӘДЕМІ ҚОЛШАТЫРЛАР

гендей ащы өксігі кеудесін кернеп кетті. Әкесі қол-аяғы сал боп қалған жарымжан адам еді, енді мұның өзі де жастайынан жүрегінің құл-паршасы шыққан мүгедек адамға айналды. Бұл қашан болып еді? Шешесі үйге сантехник Толық ағаны әкелген күннен бастап па? Әйелінің қорлығына үнсіз көнген әкесінің үнсіз кемсеңдеп жылайтынын көрген күннен бері ме? Оны өзі де білмейді, әйтеуір іші жаралы екені анық. Тек сыртқа білінбейді. Сыртқа бұл мұңсыз адам болып көрінеді. Көз алдына мұның әкесін де, мұның өзін де бақытсыз қылған шешесінің бейнесі, бұған күйеуге шығып, бұл алыс сапарға кеткенде бұрынғы махаббатымен көңіл қосып, ақ төсегін арамдаған бұрынғы келіншегінің бейнесі кезек-кезек елеттеп, көліктің рүлінен айырылып қала жаздады. «Осымен бесінші қолшатырда...» деді ішінен.

Таңғы ауа жаңға жылды. Самал соғып, тынысты аша түседі. Тергеуші үйіне кеш қайтып келе жатып та көшеде кездескен қара түсті «мерседестерге» қараумен болды, үйінде тамағын ішіп отырып та ойлана берді. «Қара мерседес, қара мерседес» деп айта бергеннен бес, ол бір ән секілді көрінді. Қара мерседес, жүректі өртемеш... қара мерседес...

Бір тойға барып екі ән салып қырып ақша тауып кететін жас балалар мағынасыз әнді осылай шығара салады екен ғой деп ойлады да, өз ойына қымыпп қойды. Бірақ бұл күлкілі нәрсе емес, тіпті арқа-басынды түршіктіретін жағдай деп қайта ойлануы кетті. Соңғы кездері қала халқының арасында әйелдерді өлтіретін маньяк пайда болыпты деген сөз желдей есіп жүр. Өртүрлі жастағы төрт әйел жоғалды. Полиция кісі қолынан қаза болған әйелдердің бірінің денесін тапқанымен, бұл әйелді танитындар табылмады, әйел басқа жақтан қыдырып келген болып шықты. Екінші әйел жоғалды деген қоңырау түсіп, іле-шала оның да мойтты табылған кезде бұл әйелді де алдыңғы әйел сияқты буындырып өлтіргені мәлім болды.

Сол бойда қаладағы бүкіл таксистерді тіркеуге алып, саусақ ізі алынды, бірақ, олардың бәрінің таза болып шыққаны полицияны айран-асыр қылды. Қаза болған әйелдердің жоғалған уақыты бір-бірімен сәйкес келетін-келмейтінін анықтау оңай емес еді, бірақ, қызы із-түзсіз жоғалып кеткен әйел оның Астанадан келген бойда такси ұстағанын, сол бойы байланысқа шықпағанын айтты. Астана пойызы Шымкентке таңғы алтыда келеді. Демек, қыз да таңғы алтыда такси ұстаған.

Оның вокзалдан ұзап шығып қара «мерседеске» отырып кеткенін көрген таксистер де бар. Шешесі қызмы жоғалды деген бойда полиция іске кіріскеннен екі күн нәтижесіз болды, ал үшінші күні қаланың шет жағынан қыздың өлі денесі табылды. Оны екі адамның зорлағаны анықталды және қыздың өз сөмкесінің бауымен буындырып өлтірген. Сарыағаштан жоғалып кеткен қыз да қара «мерседеске» мінген... Бір қызығы қара «мерседесті» көргендер бар, бірақ номері ешкімнің есінде жоқ...

Бұл жерден аялдама қашық. Қатары созылған жеке үйлердің арасымен біраз жүріп барып, оңға бұрылып тағы біраз жүргенде қалқиған аялдама көрінеді. Айна күнде жаяу шығады. Бүгін де жұмысқа жиналып жатқанда Фарухқа көлік келгенін аңғарды.

Мені аялдамаға дейін ала кетші. Өзің бара бермейсің бе? Жарайды, тез, асығыспын.

Қара көзділікті жігіт бас изегендей болды. Оның сақалының қалың екенін көрді. Қара көзділік айнадан бұған суық қарайтындай. Әлде бұған солай көріне ме...

Бір көшені айналып, коқыс контейнерінің тұсынан өтіп бара жатқанда Фарух тоқтап, багажниктің артынан қара қашықты алып лақтыра салып, орнына келіп отырды. «Бұл не болуы мүмкін?» деп ойлады Айна екі көзін алдынан аударды. «Қоқыс емес, коқысты кеше шығарғанбыз». Қанға боялған шарфты көргелі, Фарухтың есігін жауып алып әлдеқиммен құпия сөйлесіп жүргенін байқағалы көңілінде күмән көп.

Алда кездескен аялдамаға жақын-дағанда «болды, осы жерден түсемін» деді. Фарух «кешке кездескенше» деп оның бетінен өпті де, көлік қасынан зу ете түсті.

Айна көліктің қарасы ұзағанша аялдамада тұрды да бір кезде кері жүгіре басты. Жүгіріп келеді, жүгіріп келеді. Фарух коқыс жәшігіне тастап кеткен не нәрсе болуы мүмкін? деген сұрақ мында тұр. Тезірек үлгерсе екен, тезірек, тез, тез. Аяғын асыға басамын деп сүрініп те кете жаздады. Сағат 9-ға таяу мезгіл, коқыс тиейтін мәшине келіп үлгермесе екен, егер ол келіп коқысты тиіп кететін болса, ол қара пакетте не барын Айна өмірі білмей кетеді. Ол алқынып, үстіндегі киімі ауырлап, қолтық тұсы терлеп жүгіріп келеді. Көптен жүгірмегені денесі ауыр тартып қалыпты. Екі көшені қиып өтіп, коқыс жәшігінің қарасы көрінгенде көңілі жайланады деді. Айдаладағы коқыс жәшігінің қасына жеке үйлер жақтан

келе жатқан жеңіл көлік аялдап коқыс салды да әрі асып кетті. Оңаша. Айнаға да керемі сол. Жетіп келгенде әуелі үш үлкен контейнердің қайсысы екенін айыра алмады. Үніліп көрмекші еді, биіктеу екен, бойы еркін жетер емес. Амаж жоқ, аяқ астына тас қойып қарауға тура келді. Бұлардың ішінде қара пакет көп екен. Айна үсті бүлінеді демеі алға қарай қаттырақ ұмсынып, қолына іліккен таяқпен бір бұрышта жатқан пакетті іліп алды. Бұл сол! Сол болу керек!

Ішін ашқанда қоңыр сөмкені көрді. Неге екенін, түйсігі алдамағанын сезді. Фарух лақтырып кеткен қара пакет осы екеніне еш күмәні болмады.

Сөмке әдемі екен, бір жанында әдемі жылтыр темір бар, былғарысы жасанды болса да сапалы, еш жерінде сызаты жоқ. Айна сөмкенің ішін ақтара бастады. Ерін бояйтын помада, тарақ, үлкен қара әмиан жатты. Қара әмианның ішінде дисконттық карталардан бөлек жеке куәлік болды. Жасы 50-дегі әйел екен. Айнаның көптен бері көңіліне ауырлық беріп жүрген күмәні сөйліп сала берді. Он сегіз-жиырмадағы қыз болса бірсәрі, елдегі әйелден қызғанғаны шынымен ақымақтық болар еді. Фарухтың шешесіндей адам ғой.

«Сонда бұл кімнің сөмкесі болды? Фарух оны неге коқысқа салады? Өзінен сұраса ше?» Жоқ, олай етуге болмайды, деді ішкі түйсігі. Бәрібір жарытымды жауап бермесі анық, әрі сонғы кездері мінезі өзгеріп кеткенін байқап жүр. Бірдене сұрайын десе тоң-торыс, бұны бұрынғыдай жақсы көрмейтіндей, ескеуі сөйлесіп те жарытпайды. Айна қоңыр сөмкені не істерін білмей тұрды да, коқысқа лақтырып жіберді. Ал құжатты қалтасына салды. Не үшін олай еткенін де білмейді.

Ол Фарухты ұнатқан көңіліне бірдене болғанын ұқты. Оны бұрынғыдай жақсы көре алмайтынын да, оның кейбір мінезінің оғаш көрініп, кей қылығын түсіне алмағанын ойлады. Өткен жолы бұған сақина тақты, онысы бір өлшемге үлкен болып шыққанда «ұнамаса, ломбардка барып өткізіп жібер» деп күнк етті. Ол өзі ұрық нәрсе емес пе екен, қағазы да жоқ, ұсталған дүние секілді ме... Анау қасындағы сақалы қауғадайы кім? Ол неге бұған суық қарайды?

Тезірек бұл үйден кету керек деді ішінен. Бүгін. Жоқ, бүгін кете алмайды, заттары да жиналған жоқ, пәтер табу да бір жұмыс. Оның үстіне Фарухқа ешқандай сезік тудырмауы тиіс. Кім біледі... Ерген міндетті түрде кетеді бұл үйден. Айна өзінің жүк сөмкесіне заттарын жинақтап сала бастады.

Үйықтап жатқанда өзінен-өзі оянып кетті де өзіне бет-аузын қалың сақал басқан біреудің тесіле қарап отырғанын көріп бақырып жіберді. Бұл өткен жолы көлігімен аялдамаға жеткізіп салған жігіт болатын.

Кім... неғып отырсың? Жігіт миығынан күлді. Сенің ұйқыңды күзетіп отырмын, ханшайым!

Сен қалай кірдің? Фарух қайда? Фаруух!!

Неге шошыдың? Байқауымша, сен батыр қыз сияқтысың? Мынау не?

Ол алақандай бірденені мұның көзіне тақап ұстағаны сонша, қыздың көзі қылианып кете жаздады. Бұл мұның сөмкесінде жатқан бейтаныс әйелдің куәлігі еді.

Қайдан алдың деймін? Айт! Т...тттауып алдым. Қыз тұтығып қалды.

Өтірік! Сөмке қайда? Қайдағы сөмке?

Қыз орнынан тұрмақшы еді, жігіт оның екі иығынан басып тұрғызар емес. Сен біздің артымыздан аңдып жүрдің бе?

Жжжжжж! Аңдығансың. Біз бұны коқысқа лақтырғанбыз. Неге аңдып жүрсің, айт!

Қыз қорыққаннан әрі әлдебір қауіпті сезіп дірілдеп кетті.

Жібер, тұрамын. Иығымнан басып.

Ол шыңғырып жатты. Оны еститін ешкім жоқ еді. Бұл үйден шыққан дыбыс сыртқа естілмейтін...

Тергеуші тырнақ іліктірер ештеңе таппай, толып жатқан болжамдарынан да тиянақ таппай жүргенде арада тағы екі-үш апта өтті. Бұл жолы елу жасар шамасындағы әйел вокзалдан түскен бойда жоғалып кеткені хабарланды. Көрдім, білдім деген бір адам жоқ. Көп ұзамай марқұмның денесі табылды. Оны да өзінің жібек шарфымен буындырыпты. Көргендердің айтуынша ол да вокзалдан қара «мерседеске» отырады.

Тергеуші Сағатов әріптесімен сөйлесіп отырды. Өз болжамдарынан ауыр тартып отырды ма, көңіл-күйі оша емес еді. Оның әріптесі капитан Нунамыш есімді жігіттің тәжірибесі молдау. Ол әріптесін мұқият тыңдап алды да, маңдайын қасыды.

– Бүкіл таксисті есепке алдық дедің бе?

– Иә, бәрін тексердік. – Қала бойынша қара «мерседес» нешеу екен?

Сағатов таңданған кейіппен қарап қалды. Ол қалада қанша мерс бар екенін шынымен де білмейтін.

– Жә, ойнап айттым. Сен неге оны осы жақтың таксистерінің арасынан іздей бересің?

– Енді...

Мүмкін, ол басқа жақтан келген шығар. Мүмкін, мына жақтан әлде ана жақтан...

Сағатов Өзбекстандағы қызметтес жігіттерге хабарласты. Өздерінде болып жатқан жағдайды айтып бастап еді, ана жақтағы әріптесі өздерінің елінде жеті бірдей әйелді өлтірген адамды іздестіріп жатқанын айтты. Осы кезде көптен бері бұлардың мазасын май ішкендей қылып жүрген сұрақтың түйіні шешілгендей болды. Шымкенттік полиция өзбекстандық әріптестерінің берген анықтамасына сай әрекетке кірісті. Көп ұзамай 27 жасар жігіт қолға түсті. Астанадан Шымкентке келген беті екен. Оның үйін тінткен кезде қайтыс болған әйелдің қымбат әшекейі оның қалыңдығында болып шықты. Ал, орамалды Ташкенттегі шешесіне сыйлапты. Және гараждан бірнеше қолшатыр шықты. Бірінен-бірі өткен әдемі қолшатырлар...

Жадыра ШАМУРАТОВА

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жанжас Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмухамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана
Тапсырыс №141 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31